# SARYARQA

25 ақпан
2022 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№ 7 (8270)



*ӘРТАРАПТАН*



АУЗЫҢДЫ АШСАҢ, КӨРІНГЕН МАРЖАН ТІСІҢ 2, 3-беттер



ЖАДЫМЫЗДА ЖАҢҒЫРҒАН ЕСТЕЛІК 3-бет

БҰЗАУ БОЛЫС ЖӘНЕ ТҰҚЫ 6-бет


# 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР және АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР ТУРАЛЫ

## 2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ОҢ ДИНАМИКА ҚАЛЫПТАСТЫ



Жалпы қала экономикасы 14,1%-ға өсті, немесе өсім 836 млрд теңгені құрады. Оның ішінде өсім:

– саудада – 29%-ға,

– ауылшаруашылығында – 28,9%-ға (8 млрд. 349 млн. теңгені құрады.

Ірі қара мал басы 23,4%-ға, ұсақ мал басы 21,4%-ға, жылқы басы 27,9%-ға, құс басы 2 есеге өсті, ет және сүт өндіру тиісінше 5,4%-ға, 7,4%-ға өсті);

– өнеркәсіпте – 13,5%-ға (711,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, өңдеу өнеркәсібі өндірісінің көлемі 16% - ға өсіп, 671 млрд. теңгені құрады);

– инвестициялар бойынша 13%-ға (қала экономикасына 42 млрд. теңге инвестицияланды, оның ішінде жеке инвестициялар – 31,9 млрд. теңге) жетті.

– 26,4 мың ш.м. тұрғын үй салынды.

2021 жылғы қала бюджеті 111%-ға орындалды (оның ішінде кіріс бөлігі 1 млрд. 082 млн. теңгеге асыра орындалды, 23 млрд. 771 млн. теңге игерілді).

Жұмыссыздық бұрынғы деңгейде қалды және 4,8% құрады (306 адам жұмыссыз қалуда), жалақы 235 мың теңгеден 282 мың теңгеге дейін немесе 20%-ға өсіп, республикадағы алғашқы бестікке кірдік. Халық саны бұрынғы деңгейде.

Қаламыздағы дәстүрлі мыс өндірісінен кейін, экономикаға қарқын беретін ол жаңа **инвестициялық жобалар**.

2021 жылы қала экономикасына кәсіпорындар мен ұйымдар 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 13% өсіммен 42 млрд.теңге инвестицияланды, оның ішінде жеке инвестициялар – 31,9 млрд. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 76%-ы.

Екі жаңа инвестициялық жоба іске қосылды:

– «С и Жест» ЖШС-нің құрылыс материалдарын өндіру зауытын салу» жобасы, оған 450 млн. теңге инвестиция тартылып, 15 жұмыс орны ашылды;

– «Самади – 2030» ЖШС ұн тарту кешені, 400 млн.теңге инвестиция тартылып, 30 жұмыс орны құрылды.

Айта кетейік, 2014-2020 жылдары индустриалды-инновациялық даму аясында қалада **9 инвестициялық жоба іске қосылып**, 652 жұмыс орны ашылды. 2021 жылы олар 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 39% өсіммен 3,9 млрд.теңге сомасына өнім өндірді.

Биыл нвестиция көлемі 18 млрд. теңгені құрайтын 3 жобаны аяқтау жоспарланған.

2022 жылы оң динамика сақталады, инвестиция көлемі 44,2 млрд.теңгені құрайды деп болжануда.

**Агроөнеркәсіп кешеніне** келер болсақ, 2021 жылдың желтоқсанында «Ахтямов» шаруа қожалығы құс етін өндіру бойынша инвестициялық жоба іске қосылды, жобалық қуаты – жылына 1000 тонна құс еті, 226 млн.теңге инвестиция тартылған және 30 жұмыс орны құрылған.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында шаруа және фермер қожалығын жүргізу үшін 23 (35861,6 га) жер учаскесі бөлінді. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы сомасы 16 млн.теңгеге 4 шағын несие берілді.

Өсімдік шаруашылығын одан әрі дамыту және егіс алқаптарын ұлғайту мақсатында 2021 жылы конкурс арқылы Талап, Кеңгір ауылдық округтерінен 705 гектар 4 жер телімі берілді («Жаналин» ШҚ – Талап а/о 156 га, «Қожахметов» ШҚ – Талап а/о 122 га, «Ахатов» ШҚ – Кеңгір а/о 185 га, «Самға» ЖШС-242 га Кеңгір а/о). Егін егу жұмыстары ағымдағы жылы басталады деп жоспарлануда.

Бұл жердегі басты мәселе – су. Ол бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жезді су қоймасын Талап суару жүйесінің магистралды каналымен қайта жаңарту жоспарланған болатын, құны 1 млрд. 243 млн. теңге, іске асыру кезеңі 2021-2023 жылдар. Қазіргі кезде ҚР Су ресурстары комитеті жобалық-сметалық құжаттамасын қайта әзірлеуде.

**2022 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі** 8 млрд. 900 млн. теңге сомасында болады деп күтілуде.

Сонымен қатар, есепті кезеңде қалада 710 млн.теңгеге 28 шағын және орта бизнес объектілері ашылды, бөлшек сауда тауар айналымы көлемінде үлесі бар 130 жаңа жұмыс орындары құрылды.

«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында жалпы құны 2,6 млрд. теңге болатын 275 жобаға қолдау көрсетілді, 250 жұмыс орны сақталып, 40 жаңа жұмыс орны құрылды.

**2022 жылы шамамен 760 млн. теңге сомасына 31 объект ашу** және 140-тан астам жаңа жұмыс орындарын құру жоспарлануда. Тауар айналымының көлемі 59 млрд. теңге сомасында күтілуде.

Бірінші қажеттілік азық-түлігіне бағаның өсуін тежеу мақсатында жалпы инвестиция көлемі 80 млн.теңге болатын 8 «ULY DALA» шағын-маркеті іске қосылды, 24 жаңа жұмыс орны құрылды.

Ағымдағы жылдың 5 қаңтарынан бастап қаланың ірі сауда нүктелерімен әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке сауда үстемесін **7% көтермеу туралы меморандумға** қол қойылды, сонымен қатар азық-түлік өнімдеріне әлеуметтік бұрыштар ұйымдастыру ұсынылды.

Қаланың барлық белгілі сауда орындарында 75-85 теңгеден әлеуметтік нан тұрақты сатылуда. Әкімдік жанына құрылған монгиторинг тобы мұны қадағалап отырады.

Қала бойынша АИ-92 маркалы бензин 182 теңге/литр, газ-75 теңге/литр, дизель-230 теңге/литр бағаларынан аспайды. Бұл бағалар уәкілетті органдарының шешімдерімен белгіленген.

**Осы жылы** инвестиция көлемі 950 млн. теңге, 50 жаңа жұмыс орнын құру көзделген **«Самади» жаңа гипермаркетін** іске қосу жоспарлануда, онда азық-түлік бағасы нарықтағыдан 5-10 пайызға төмен болады.

Соңғы жылдары көп қабатты тұрғын үй құрылысы теңдестіріле бастады, бұл тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды қамтамасыз ету мәселелерін жоспарлы түрде шешуге мүмкіндік береді.

2021 жылы 3 көп қабатты тұрғын үй Алашахан даңғылы, 34И-30 пәтер (жалға берілетін), Байқоңыров көшесі, 28а-18 пәтер, Алашахан даңғылы 34К-60 пәтер (кредиттік) пайдалануға берілді, 3 көп қабатты үйдің құрылысы жалғасуда (Алашахан даңғылы, 34Е-90 пәтер (жалға берілетін), Алашахан 34Н – 30 пәтер, Алашахан 34П-30 пәтер (кредиттік).

Қалада коммерциялық тұрғын үй табысты іске асырылуда, 2021 жылы 2 тұрғын үй іске қосылды (Жеңіс көшесі 11 а-30 пәтер, Анарқұлов көшесі, 7а -40 пәтер).

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жеке тұрғын үйлерге жалпы сомасы 630 млн.теңгеге кәріз және байланыс желілері пайдалануға берілді.

Қалада коммерциялық тұрғын үй құрылысы табысты іске асырылуда, 2021 жылы 2 тұрғын үй іске қосылды (Жеңіс көшесі, 11 а-30 кв, Анарқұлов көшесі, 7а-40 кв).

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жеке тұрғын үйлерге жалпы сомасы 630 млн. теңгеге кәріз және байланыс желілері пайдалануға берілді

► *4-бетте*

# ӘЖЕЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ ІЗГІ БАСТАМАСЫ

***Отбасы – ұлттың діңгегі. Халқымыздың ежелден қалыптасқан жасы үлкенді құрметтеп, ақылы асқан кішіге жоғарыдан орын беріп, қадір тұтуы сынды асыл қасиеттерді жастардың бойына сіңіру аса маңызды. Осы мақсатта қалалық ардагерлер кеңесі жанындағы әжелер алқасы ұйымдастырған «Отбасым – алтын ұям» атты кездесудің маңызы айрықша.***



Айжан Жүнісова мен Кабира Каримова апаларымыздың бастамасымен Жезқазған бизнес және көлік колледжінде өткен шара Сарбасовтар, Уатаевтар және Жәкеновтер әулетіне арналды.

Аймағымыздың елге белгілі азаматтары мен ардагерлері қонақ болған шарада өнегелі отбасылар туралы дайындалған бейнематериал көрсетілді. Бейне-сұхбаттарда әр әулет өздеріне тән ерекше құндылықтар мен өнерлерін көпшілікке ұсынып, көрерменнің қошеметін иеленді. Сарбасовтар әулетінің отанасы Тойған ана ене мен келін арасындағы сыйластық, өзара түсіністік туралы салмақты әңгіме өрбітті. Одан әрі өз өлеңдерін оқып, тарих пен бүгінгі заман келбеті жайлы термесімен жиналған жұртшылықтың жүрегін терең тебірентті.

Оқуға құштар тәлімді де тәрбиелі балалар өсіріп, білім беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Уатаевтар отбасының өнері де кеш қонақтарын тәнті етпей қоймады. Жезді кентінде тамырын тереңге жайып, әулеттің қарашаңырағына ие болып отырған Мұхит Уатаев ағамыздың суретшілік және сазгерлік өнері тіптен таңғалдырып, қалың қошеметке ие болды.

Кездесуге сән берген келесі әулет – Жәкеновтер отбасы. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Береке Көшеновтің қызы, жұбайынан ерте айрылса да алтын асықтай үш ұлын бағып-қағып өсіріп, жақында алғашқы немересін құшағына алып, «әже» деген аяулы атты иеленген Әсем Жәкенова ханымның табандылығы мен қайсарлығына риза болған ардагерлер, ақ батасын беріп, ризашылығын білдірді.

Шымырлап бойға таралған әсем ән мен риясыз әңгіме, теңдессіз ақыл-кеңестерге арқау болған кеш соңында ұйымдастырушылар үш әулеттің иелеріне Алғыс хаттар мен Жезқазған бизнес және көлік колледжінің директоры Светлана Жумкина аманаттаған «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» кітабын табыстады.

Іс-шара соңында Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің маманы Әсем Жұмағұлова сөз алып, кездесуге келген үш отбасыға алғысын білдіріп, алдағы уақытта болатын «Мерейлі отбасы» республикалық байқауында бақ сынап көруге ұсыныс білдірді. Сондай-ақ ұйымдастырушы аналарға алғысын білдіріп, аталған мазмұндағы кездесулер алдағы уақытта да жалғасын таба берсін деген тілегін білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**


## БАСПАСӨЗ- 2022



## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннур Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

*Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы*

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ



***Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін бұл мерекеде Қазақстандағы өзге этнос өкілдері қиын-қыстау кезеңде құшақ жая қарсы алған кеңпейіл де қонақжай қазақ халқына алғыс айтады.***

Алғыс айту күні – елімізде жалпыхалықтық мереке. Ол сондай-ақ, қазақстандық патриотизмнің, бірлік пен достықтың жарқын мерекесі. Қазақстан халқы бұл мейрамды алғаш рет 2016 жылы атап өтті. Оған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев мұрындық болғанын да айта кету ләзім. 2016 жылы өткен Ассамблея сессиясында Елбасы «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн, яғни, 1 наурызды жыл сайын барлық этностың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Бұл күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын.

### АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНІҢ ТАРИХЫ

Кешегі қилы заманда қазақ халқы тағдырдың жазуымен елге келген өзге этнос өкілдеріне кең құшағын жайып, бауырына тартты, бір үзім нанымен бөлісті. Столыпин реформасы кезінде елге тұтас этностар депортацияланды. Түрлі этнос өкілдерін вагондармен ашық далаға әкеп тастады. Онсыз да күнін әрең көріп отырған қазақ отбасылары оларды үйіне кіргізіп, қамқорлық танытты. XX ғасырдың басында Қазақстанға Беларусь, Ресей және Украинадан 1,1 миллион адам қоныс аударды, ал 1930 жылдары ұжымдастыру барысында 250 мың шаруа жер аударылып, тағы 1,2 миллионға тарта адам өнеркәсіп нысандарын тұрғызуға келген. Олардың бәрі Қазақстанда орнығып, қиын кезеңдерді қазақ халқымен бірге еңсерді. Сондықтан елдегі мерекелер қатарынан Алғыс айту күнімен толығуы игілікті іс болды. Бұл күннің астарында қазақ халқының бауырмалдығы мен мейірімділігіне ризашылық білдіру жатыр.

Мерекенің басты мақсатының бірі – өскелең ұрпақты достық, бір-біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда этникаралық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту.

**Аманкелді АҚШАЛ**

*(Ғаламтор материалдары негізінде ықшамдап әзірленді).*

## «ҚАЛА ПРОКУРОРЫНЫҢ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУІ»

***2022 жылдың ақпан айының 14-18 күндері аралығында Жезқазған қаласының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Асылхан Қапиятұлы Әділханов Талап, Кеңгір және Малшыбай селолық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізді.***

Кездесу барысында қоғамдық саяси-ахуалдың тұрақтылығы, жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтардың және қылмыстардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар Талап, Кеңгір және Малшыбай селолық округтерінің мектеп оқушыларымен және ұстаздармен кездесті.

Кездесуден кейін ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдады.

Жеке қабылдау барысында тұрғындардың еңбек заңнамаларының сақталуы, атқарылған жұмыстарға сыйақы алу, пәтерді өз атына заңдастыру жолдары және жеке куәлікті қайта рәсімдеу туралы мәселелер көтеріліп, оларды шешу жолдары бойынша шаралар қабылдау туралы қала прокурорымен ауызша түсініктеме жүргізілді.

Одан басқа қала прокуроры алдағы уақытта еңбек заңнамаларының сақталуы, жұмыскерлердің жалақыларының тұрақты төленуі мәселесіне қатысты қаланың ірі кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен кездесу өткізуді жоспарлады.

Қала прокурорымен Жезқазған қаласы аймағындағы селолық округтерінің тұрғындарымен және ірі кәсіпорындардың жұмыскерлері арасында саяси-ахуалдың тұрақтылығы, еңбек заңнамаларының сақталуына байланысты тоқсан сайын кездесу жұмыстары жалғастырылатын болады.

**Жезқазған қаласы прокуратурасы**

***Сексеннің сеңгіріне шыққан қазақ тілінің қамқоршысы, ұлт жанашыры Асқар ЕРМЕКБАЙҰЛЫНЫҢ мерейтойын Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұжымы ескерусіз қалдырмады. Оның дәлелі – «Ғибраты мол ел ағасы» атты музейлік кездесу.***

# ҒИБРАТЫ МОЛ ЕЛ АҒАСЫ



Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, өндіріс майталманы, І Дүниежүзі қазақтары құрылтайының делегаты, «Қазақ тілі» қоғамын абыроймен басқарып, қайда жүрсе де қазақ тілінің таралу, қолданылу аясы мен тазалығы үшін күрескен қайраткер ағамен кездесуге Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин, «Saryarqa» газетінің Бас редакторы Әнуар Омар, білім саласының ардагері Аққүлше Ибраева, қалалық ардагерлер кеңесінің бөлім басшысы Кәбира Кариева, «Ақ әжелер» ансамблінің мүшелері және қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен оған қарасты мекемелердің мамандары мен оқушылар қатысты.

Ыстық ықылас, зор құрметпен төрге шыққан Асқар атамызбен бірге жиналғандар ол туралы дайындалған бейнематериалды тамашалады. Одан әрі мерейтой иесі блиц-сұрақтарға жауап беріп, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Қазақ тілі» қоғамының атқарған игі шаралары мен естеліктерін ортаға салды. Қаламыздағы 55 көшенің атын қазақшаға ауыстыру, таэквондо шебері Мұстафа Өзтүрікпен болған кездесуі жайлы әңгімелерін кездесу қонақтары зор ықыласпен тыңдады.

Одан әрі Ғалым Мұхамедин сөз алып қазақтың қара домбырасымен «Балқадиша» әнін өз нақышына келтіре шырқап, құлақ құрышын қандырды. Шара қонақтарының қайсысы болсын арда аға, туралы тамсана һәм толғана сыр шертті.

Шара соңында музей директоры Раушан Қапарова Асқар Ермекбайұлына зор денсаулық тілеп, естелік сыйын табыстады.

# МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІМЕН МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ

***Облыстық «Өнегелі өмір» жобасы жезқазғандық мектептерде бірнеше жылдан бері үздіксіз жүзеге асып келеді. Аталған жоба № 3 ЖББМ-де де жалғасын тапты. Шараның бұл жолғы қонағы – Мемлекет қайраткері, әлемнің 42 мемлекеті кіріп отырған мемлекеттік Қызмет Хабы басқарушы комитетінің төрағасы, «Парасат» орденінің иегері – Алихан БАЙМЕН.***

7 «ә» сыныбының бастамасымен ұйымдастырылған онлайн кездесуге мектеп оқушылары мен ұстаздары да қызығушылық танытып, әсерлі әңгіме, сырлы сұхбаттың куәгері болды.

Сөз басын өзінің жастық шағы өткен мысты шаһардың оқушыларымен кездескеніне шексіз қуанышты екендігімен бастаған Әлихан Мұхаммедиұлы қазіргі білім беру үдерісіндегі атқарылып жатқан реформаларға қатысты ойларын ортаға салды.

Қазіргі білім беру саласында түрлі жаңа бастамалар жүзеге асып жатқанын құптайтындығын айтқан ол алдыңғы орында қазақ тілін дамытуға зейін қою керектігін айтты. Бұл үшін қазақ қаламгерлерінің шығармаларын өзге тілдерге аударған қаржыны, керісінше, шетел әдебиетін ана тілімізге аударып, әлемдік шоқтығы биік туындыларды қазақша сөйлетуге ықпал ету дұрыс екеніне тоқталды.

Одан бөлек қазіргі таңда жастар арасында діни фанатизмге ұрынып қалып, от басып жатқандар легі молына қынжылысын білдірген Әлихан Мұхамедиұлы діннің айналасында тек «жұмақ», «тозақ» ұғымдарын қолданбай, «еңбек», «білім» деген түсініктерді тереңнен жадына сіңіруді басты мақсат етуіміз қажет екеніне де назар аударуға шақырды.

Шара соңында жастарға ізгі тілек, ұстаздар қауымына зор ризашылығын білдірген Алихан Баймен мазмұнды да мағыналы шара ұйымдастырушыларына алғысын білдіріп, оқушыларға жақсы оқып, ел қамын ойлайтын азамат болыңдар деген тілегін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ХАЛЫҚ және НАРЫҚ



# АУЗЫҢДЫ АШСАҢ

## бүгінде ең қымбат

***«Аузыңды ашсаң көрінген маржан тісің, Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің...» деп келетін бір әдемі ән бар. Сол әнде айтылған аузымыздағы маржан тістерімізді күтіп ұстау бүгінде ең қымбат игілігімізге айналып барады. Қазір қай өңірде болмасын тіс емдеу қызметінің құны күйіп тұр. Тіпті тісті емдету мен салдыру былай тұрсын, жұлдыру бағасы да шарықтап барады. Алда-жалда тісіңіз ауырып, стоматологиялық орталыққа барсаңыз бір тісті емдеу үшін кемі 10 мың, ал жұлдыратын болсаңыз 7-8 мың теңгеңізді дайындап барыңыз...***

Мұның мәнісін әркім әртүрлі айтады. Бірі, елдегі инфляцияның кесірі десе, енді бірі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры ақша аударатын болғандықтан баға өсіп кетті дейді. Ал, үшінші жақ жинақтаушы зейнетақы қордағы кесімді мөлшерден асқан ақшаға тіс емдетуге болады деген әңгіме шыққалы бері баға да шарықтады деген уәжді алға тартады.

Әрине, әркімнің өз ойы, өз пайымы бар. Десек те, бағаның бұлайша бұлқынып, тіс емдеудің қымбат болуына басты себептер не деген сауалдың кімнің де болса көкейінде тұрғаны рас. Осы сауалға жауап іздеп біз Сәтбаев қаласындағы тіс емдейтін мекемелердің бірқатарын аралап шықтық. Сонымен...

### ТІС ЕМДЕУ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

«Сау тіс сұлулықтың ғана емес, денсаулықтың да кепілі», – дейді тіс мамандары. Өйткені аузыңыздағы отыз екі тісіңіз сау болса тамақты дұрыс шайнап жей аласыз. Дұрыс шайналған ас тез қорытылады. Мұны әрине, мектептегі балаға дейін біледі. Сол отыз екі тісіңіз сау болу үшін ең әуелі дұрыс күтім керек. Күтімі дұрыс болмаған тіс тез тозады. Ал тозған тісті емдету қазір қалтаңызды қағады. Неге олай болды? Біріншіден, саланың бәрі дерлік жекеменшікке өтіп кеткен, сондықтан мемлекет бағаны қадағалай алмайды. Екіншіден, тіс емдеуге қажетті дәрі-дәрмектер экспорттап, дайын өнімді одан екі-үш есе қымбат бағада сатып аламыз. Үшіншіден, өңірлерде сапалы стоматология қалыптаспаған, ауылдар тұрмақ аудан орталықтарында тіс емдеу мекемелері жоқ. Тұрғындар жақын қалаға не алыстағы облыс орталықтарына баруға мәжбүр. Төртіншіден, халықтың өз денсаулығын күтуге деген ықыласы төмен. Аурудың асқынғанын соңына дейін күтіп, тіс әбден жарамсыз болғанда ғана дәрігерге жүгінетіндер көп.

Ал, енді осы аталғандарды шамамыз жеткенше талдап көрейік. Тіс емдеу құнының қымбаттауы – тіс емдеу барысында қолданылатын барлық құрал-жабдық пен материалдың шетелден әкелінуі, – дейді Сәтбаев қаласындағы біз барған стоматологиялық емханалардың дәрігерлері бір ауыздан. Мысалы, тісті емдегенде қолданылатын жансыздандыру екпесі АҚШ-тан әкелінетін көрінеді. Оның бір ампуласының орташа құны – 14 мың теңге. Ал, тісті алмастыратын имплантаттар Оңтүстік Корея, Германия, Италия сынды мемлекеттерден алынады екен. Тіпті, пломбалық материалдар да шетелдікі. Әрине, булардың бәрі өз кезегінде стоматологиялық қызмет құнының шарықтауына ықпал етері сөзсіз.

Міне, осындай себептерге байланысты тіс емдеу қызметі қымбаттап жатыр. Әрине, Үкімет таза қол қусырып қарап отыр деп айта алмаймыз. Жоғарыда айтылғандай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы, тіпті жинақтаушы зейнетақы қорларындағы артылған қаржың арқылы тісіңді түгендеуге мүмкіндік жасап отыр. Бірақ, бұл жерде де бәріне бірдей емес. Жеңілдіктер мен тегін қызмет алатындар тізімі мұнда да бар.

### ТЕГІН және ЖЕҢІЛДІКТІ КІМДЕР АЛАДЫ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы тегін не болмаса жеңілдіктермен ем-дом алатын қызметтердің қатарына тіс емдету де кіреді. Бірақ, тісті емдету сақтандырылған азаматтардың бәріне бірдей тиісілі емес. Тек жеңілдік берілген тұлғалар ғана жоспарлы және шұғыл түрде қызмет ала алады. Көмек алу үшін МӘМС бойынша қызмет көрсететін стоматологиялық клиникаға жүгіну қажет. Яғни, клиника Қормен келісім-шартқа отырған жеткізуші болуы шарт. Ал, клиникалар меншік түріне қарамастан, жеткізуші бола алады. Яғни, емделуші тіркелген емханаға да, қордың әлеуетті жеткізушісі болып табылатын жекеменшік стоматологияға да жүгіне алады, – деді кеншілер қаласының дантистері.

Білуімізше, сақтандыру қоры арқылы шұғыл стоматологиялық көмекті (тіс жұлу және химиялық пломба орнату) жүкті әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балалар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, аталуы әлеуметтік көмек алушылар және жасына байланысты зейнеткерлер ала алады. Ал, 18 жасқа дейінгі балалардың тісін шұғыл түрде де, жоспарлы түрде де емдетуге мүмкіндік бар.

Орайы келгенде айта кетейік, Сәтбаевтағы стоматологиялық емханалардың бірі – «DENTPLANT» стоматологиялық кабинетінде тістерді кешенді тазалау 15 мың теңге болса, тіс жұлу қиындықтарына қарай 7 мың мен 25 мыңның арасында. Тіпті кей тісті жұлу үшін 30 мың шығындайсыз. Ал, пломба салудың орташа құны 10-20 мың теңгенің аралығы. Қызылиекті емдету үшін 5 не 10 мың теңгеңіз болуы керек. Әр екпе 1000 теңгеден.

Ал, дәл осындай қызмет түрлері «Стоматолог» өндірістік кооперативінде анағұрлым төмен. Ондағы қызмет түрлері 2-7 мың теңге аралығында. Десек те, табысы күнкөрісінен артылмайтын тұрғындар үшін бұл да аз ақша емес. Сондықтан МӘМС-тің пайдасын көріп отырған ел аз емес.

### ЖИНАҚТЫҢ ДА ПАЙДАСЫ ТИДІ

Зейнетақы жинақтаушы қоры құрылғалы ел оның пайдасын да зиянын да көріп келеді. Әсіресе соңғы бірер жылда жиналған соманың шекті мөлшерден асқанын ел игілігіне пайдаланып жатыр. Былтыр әсіресе кеншілер мен металлургтер үйге қарық болып, баспаналарын жаңғыртып алып еді. Енді маржан тістерін жаңалап жатыр. Әйтсе де бұл жүйенің де өзіндік ерекшеліктері аз емес сияқты. Әлгінде айтып өткеніміздей, медициналық сақтандыру қоры арқылы белгілі бір санаттағы адамдар ғана тіс емханаларына тегін қаралады. Қызметтің бұл түрі кез-келген адам үшін қолжетімсіз. Ал, тіс емдетудің тағы бір тиімді жолы – зейнетақы жинағы арқылы емделу дегенімізбен ол да тек протездеу мен имплантациялау үшін жарамды.



# ЖАДЫМЫЗДА ЖАҢҒЫРҒАН ЕСТЕЛІК

***Қазақ тарихында ғана емес, адамзат тарихында түркі, күні кешегі Алтын Орда, қазақ хандығында ерекше орны бар ұлт ұясы – Ұлытау. Ұлытау – Жезқазған өңірі. Ұлытау – өткен тарихқа бастаса, Жезқазған 1973-1997 жылдар (басқа уақыттағы тарихын тізбесек те) аралығында облыс орталығы болды. Өзіндік болмыс-бітім, ұлттық қасиет, сипаттары арқасында ерекше бағаланды. Талай азамат осынау қасиетті жерден түлеп ұшты. Ғалым атанды. Қызмет бабында өсті. Ұлт мәдениеті мен өнерінің, қаймағы бұзылмаған қазақылықтың тамаша үлгісі осы өңірде қалыптасты. Қыруар адамның тағдыры, ғұмырындағы бетбұрыстар осы жерден бастау алды. Киелі топырақ ешкімді жатсынған жоқ. Бауырына басты. Еркелетті. Жөн сілтеді. Қысқасы, әлде бір тексіздеу біреу болмаса, оның суын ішіп, нанын жегендер қасиетті өңірді ұмытқан жоқ. Алғыспен елжірей еске алады. Киелі жер ешкімге қарыздар емес. Керісінше, біздер қарыздар шығармыз?!.***

Қастерлі өңірдің дамуына өз еңбегімен азды-көпті үлес қосқан жанның бірі – Қалиасқар аға Әбілдин еді. Ол Қарағанды политехникалық институтын (қазіргі Қарағанды техникалық университеті. Айтпақшы, ҚР Үкіметінің қаулысымен оқу орнына танымал қайраткер, ректор болып отыз жылдан астам қызмет атқарған Ә. Сағыновтың есімі берілді таяуда ғана) автокөлік мамандығы бойынша бітірсе де, ол салада аса көп істей қойған жоқ. Облысымыздың Шет ауданындағы қазіргі Кеншоқы ауылында 1937 жылы дүниеге келген осынау азамат мектеп бітірді, жоғары білім алды. Буыны қатпастан еңбекке араласты. Анасынан ерте айрылды. Ақшатау, Балқашта жұмыс істеді. Өмірінің мәнді де мазмұнды белестерін 1973 жылдан бастап, Жезқазғанда өткізген асыл аға 1985 жылы небәрі 49 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Облыстық «Жезқазған туы» газетінде бөлім меңгерушісі болды, облыстық Кеңес атқару комитетінде жауапты қызмет атқарды. Қалиасқар аға қаламы жүйірік журналист еді. Ақындығы тағы бар. Поэзияны кәсіп те, нәсіп те қылмаған жан еді. Өнердің киесі бар деп ұққандықтан, көп жазбайтын. Іссапармен аудан, ауылдарға келгенінде, Жезқазған жас облыс, өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы даму үстіндегі өңір, ЖОО-ы ашылып жатыр, содан білім алу қажет, киелі аймақ қой, оның өркендуіне үлес қосайық деп талай жасты облыс орталығына шақыратын. Ғылыммен айналыспақсың, ендеше, Жезқазғанға кел, жас институттың нығайуына үлесіңді қос деген сөзін тастамай, қасиетті жерге көшкен жанның бірі мына біз едік. Тәуба, абзал ағаның ақ тілегі орындалды. Киелі өңір бізге, отбасымызға бақ, береке әкелді. Ағайын-туыстың, дос-жаранның, құда-жекжаттың қадірін білер мектептен яғни өмір сынағынан өттік. Шыңдалдық. Қасиетті өңірдің бір кәдесіне жарасақ-ау деген мақсатта болдық. Бәрінен бұрын, Жезқазған – Ұлытау өңірінің жайсаң халқын, мәрт азаматтарын, сонау ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық болмыс иірімдерін бойына сіңіріп, соңғы могиканың тұяғындай ғұмыр кешіп жатқан асыл жандарын сүюді, құрметтеуді сол қастерлі өлке үйреткен еді, ұлтжанды азаматтар, солардың біз үшін бірегейі – Қалиасқар аға өнеге етіп еді.

Инженер-механик деген негізгі мамандығы болса да, ағамыз өнер саласына айырықша назар аударатын. Әлі есімде, пединституқа ауысып, қызметте жүргенімде, мұғалім кадрларының әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері жетіспеушілігін естігенде, бұл салаға жауапты адам болмаса да, «...кадр тапшылығын шешудің жолын қарастыру қажет» деп өз тарапынан облпартком, облатком қызметкерлеріне кіріп, мәселе көтергені бар-тын. Ешкімді кінәлау ойымызда жоқ, алайда талай лауазымды адамдар бұл мәселені шешуге белсене араласпады. Тіпті кейіннен обком хатшысына кірмек болғанымда бір жауапты қызметкердің: «Бұнда неге жүрсіз? Хатшыға кіру үшін біздің рұқсатымыз керек» деп зілденгені есімде. Ақыры, 1988 жылы білім көтеруге Алматыға барғанымда, ретін тауып, Өзбекәлі Жәнібековке кіргенімді, сол кісінің жәрдемдескенін «ОҚ» газетінде «Тұғыры биік тау тұлға» атты мақалада (4.09.2021) егжей-тегжейлі айттық. Жаңа, жұрт асыға күткен мамандық ашылды. Талай түлектер танымал азаматтарға айналды, өнерде, ғылымда, баспасөзде, мемлекеттік қызметтерде абырой биігінен көрінуде. Әттең, өкінішке қарай, асыл аға бұл қуанышты жайтты көре алмай кетті...

Ананың адам өмірінде орны бөлек қой, анасынан ерте айрылғаны ма , ол барша махаббат, сүйіспеншілігін әкесіне, ағайын-туыстарына, перзентеріне, дос-жолдастарына арнады. Адам – періште емес, пенде. Демек, оның біліп не білмей істейтін күнәлары болады. Қақаң да пенде ғой. Пенденің досы ғана емес, қасы да болуы заңдылыққа жатады. Алайда, бір ғажабы, ол кісіде дұшпан болмайтын. Ол адам тани білетін. Өтірік мүләйімсу, жағымпаздану, ниеттестерін жинап, топ құру оның болмысына мүлде жат болатын. Өзгерелге өзінің таза жүрегі арқылы қарауға тырысатын. Пенде болса да, біреудің сыртынан ғайбат сөз айту, іштарлық, жазатайым шалыс басқан адам жанын аямай жараласа да , кек тұтпайтын кешірімпаз қасиеттері мол еді. Ол кіндік қаны тамған жерді, өзі ғұмыр кешіп жатқан Жезқазғанды айрықша сүйетін. Ал, демалыс кездерінде Ұлытау жаққа барса, тәңіріне сыйынып, тазаланып баратын. Аузынан «қанағаты» мен «тәубасы», «шүкіршілігі» түспейтін. Осынау қасиетті өңірді айрықша пір тұтқан Қалиасқар аға өзі қызметтес болған А. Қаражігітов, С. Нәкенов, К. Еңсебайев. С. Мырзатов, Қ. Орынбетов, Р. Сүлейменов, т.б. әріптестерімен бірге жаңадан шаңырақ көтерген облыстың әлеуметтік-ақпараттық, мәдени салада өркендеп, дамуына шама-шарқынша үлес қосу жолында аянбай еңбек етті.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп және хақ жолы осы деп әділетті» (Абай) дегендейін, Жезқазған жерінде он жыл қызмет істегенінде, ол кісі зиялы қауым өкілінің, журналистің, мемлекеттік қызметкердің қандай болуы керектігін барша іс-әрекет, болмыс-бітімімен дәлелдеп кеткен жан болатын. Біз бұның барлығын оның соңынан ерген жақын бауыры ретінде ғана айтып отырған жоқпыз. Жеке адамның емес, тұтас бір буынның ортақ пікірі болғандықтан, келтіріп отырмыз. Әрине, жаңа ашылған облыста қыруар қиындықтар болатыны мәлім. Тұрғын үй мен қамтамасыз ету, әлеуметтік, білім мәдениет нысандарын салу, ауыл шаруашылығын, өндірісті өркендету, автокөлік, кен өндіру, барлау т.б. ауқымды, орасан зор міндеттер республика, облыс басшылары алдында тұрған-ды. Қазір біреу білер, біреу білмес, ол кезде кеңістік идеологияның үстемдік құрып тұрған кезі, газет журналистері қыруар міндеттер туралы насихат, үгіт жүргізіп қана қоймай әр саланы түбегейлі зерттеп, жетістігін ғана емес, кемістігін де жариялап тұратын. Бәріміз қазірде мансұқтап жүрген сол тоталитарлық дәуірде әр сын-мақалаға тиісті орындар тарапынан жауап келетін. Журналист беделі әжептәуір болатын. Сондықтан да газет тілшісі жауапкершілік жүгін мол арқалайтын, кейде қауіпті аймақта жүргендей күй кешетін. Қалиасқар аға да сондай журналисттердің санында болып еді. Ойды ой қозғайды, кезінде Жезқазған облакомын басқарған Қ. Жұмабековпен осыдан біраз жыл бұрын Қарағандыда бір сұхбаттасқанымда, ол кісінің: «Қазір зейнеткермін. Лауазымды қызметтер атқардым. Көп қызметтестер арасында осынау қарапайым, парасатты, ақынжанды Қалиасқар маған белгілі бір дәрежеде адамтану іліміне бойлауына алғышарттар жасап еді» дегені есімде қалыпты.

Асылы, танымал жанның азаматтық ажары, кісілік келбеті оның ұзақ жасаған ғұмырымен өлшене бермейді кейде. Небәрі елуге де келмей дүниеден өткен асыл азамат биыл тірі болса, ақпанның ортасында 85-ке келер еді. Барша ғұмырын ұстаздыққа арнаған Жәмила жеңгеміз (ол кісі осыдан 22 жыл бұрын бақиға аттанды) екеуі алтындай Ғалым, Шырын, Дарын атты перзенттерді өсірді. Әттең, дүние-ай, солардың шаңырақ көтергенін көре алмады. Айрықша балажан адамға, перзенттерін ғана емес, барша адамды елжірей сүйетін оған тағдыр шіркін немерелерінің қызығын көруді, тәрбиелі, инабат пен имандылық болмысына ұялаған Шолпан келінінің, сондай-ақ Айгүл келінінің табалдырықтан аттағанын көруді жазбапты. Найман құдасымен, тектілік пен бекзадалықтың белгісіндей Шәми құдасымен, құдағиларымен той дастрақанында бірге отыру бұйырмапты. Өмір деген, міне, осы. Қуанып та жатамыз. Сынақты да көтеріп алып жатамыз. Асыл аға біздің қолымызда ауруханада бақиға аттанды. Алдында ауруханаға барып келісімен, маған Рымқұл жездеміздің берген қағаздарымен таныстырамын дегені бар-ды. Мән бермеппіз. Кейіннен қолыма түсті. Сөйтсем, бір білімдар педагог ағамыздың XIX ғасырда өмір сүрген Қасқар би (ұрпақтары, қалың жұртшылық жұмылып, 2010 жылы Кеңшоқы ауылында құрметіне мешіт тұрғызды) туралы жазбалары екен.

Біраз зерттедік. Кітап әзірледік. Сәтін салса, шығар. Қалиасқар ағаның балалары Ғалым, Шолпан бастап, ол кісінің өлеңдерін сәл бұрынырақта кітап етіп шығарды. Сонда «Ұршық» деген өлеңі бар. Адамның уақытты тоқтата алмайтыны, өмірдің мұрат, өлімнің ақиқат екені, анаға деген, жақсыларға деген сағыныш, қамшының сабындай келте ғұмырдағы адам өмірінің мәні мен мазмұны, маңызы айтылған. Шәкәрім айтқан «ар тазалығы» ұғымына абзал ағаның қосқан үлесі сияқты боп көрінеді де тұрады әр оқыған сайын. Сөз соңында ардақты ағаның рухы шалқып жатса екен, Алла ұрпақтарына барша жақсылығын нәсіп еткей деген тілек білдіреміз.

**Мәуен ХАМЗИН,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,**
**ҚР Мәдениет қайраткері.**

# КӨРІНГЕН МАРЖАН ТІСІҢ

## *игілігіңе айналды*

Бір қызығы, қызметтің бұл түрін Сәтбаев қаласындағы «Стоматолог» өндірістік кооперативінен басқа өзге стоматологиялық кабинеттердің бірде бірі пайдаланбайды екен. Олар қормен келісім-шарт жасаспаған. Ал, «Стоматолог» өндірістік кооператив осы жүйе қолданысқа енген күннен бастап 150-дей адамға протез салып, имплантация жасаған.

Өзгелердің бұл жүйені қолдамағандығы – қағазбастылықтың көбі сияқты. Олай дейтінім, протез болмаса имплантация жасатқысы келген адам стоматологқа келіп қаралып, жұмыстың түрі мен ақшасына келіскен соң екеуара шарт жасасады. Ол шартты клиент тіркелген емханаға апарып, сол жердегі сараптау комиссиясының қарауына түседі. Олар осы жұмыс дұрыс қабылданған деп шешкеннен кейін отбасы банкі көрсетілген соманы тіс емханасына аударады. Осындай ащы шектей шұбатылған жұмысты кез-келген емхана төзімі жетіп күтіп отырмасы тағы ақиқат.

Айтпақшы, жоғарыда аталған екі қордан да мақұрым қалған жандар тістерін несие алып жөндетіп жатыр. Кеншілер қаласында мұндай да клиенттер аз емес екен. Әлгі, «Стоматолог» өндірістік кооперативінің дәрігерлері «Каспи банк» арқылы тістерін емдетіп жүрген тұрғындардың бар екенін де айтады. Рас, олар онша көп емес сияқты.

### КӨРШІЛЕРДЕН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП-АУ

Көршілес Өзбекстанда стоматологиялық қызмет құны бізге қарағанда әлдеқайда төмен екен. Мысалы, Ташкентте бір тісжегіні емдеудің орташа құны – 30 сом, біздің ақшамен 1335 теңге. Пломба салу 890, ақыл тісті жұлдырту 3115, тісті алмастыратын имплантатты орнату 77 мың теңгеден басталады. Ал бізде имплантация жасау үшін кемінде 100 мың теңге қажет. Сондай-ақ Ташкентте тіс дәрігерлерінің қабылдауына жазылған зейнеткерлер мен студенттерге 10 пайыздық жеңілдік қарастырылған. Сол Өзбекстанға барып, емделіп жүрген жандардың айтуынша, көршілес мемлекеттегі дәрігерлер әр науқастың тісін жөндеп берген соң оған бес жыл кепілдік береді екен. Егер осы уақыт аралығында пациент қайта ауыратын болса, ондағы мамандар барлық емді қайтадан тегін жасайды. Тіпті барып-қайту шығынына дейін өтейді екен. Бұл бір жағдай ғана. Егер сол қолжетімді бағаны өзімізде ұсынса, халық сонау жаққа сабылмай-ақ қояр еді ғой…

### ТАҚЫРЫПТЫ ТҰЗДЫҚТАУ

• Әлем халқының 4 миллиардқа жуығы түрлі тіс ауруларына шалдыққан. Ең көп кездесетіні – тісжегі дерті, онымен мектеп жасына дейінгі балалардың 90 пайызы ауырады.

• Тіс саулығының көрсеткіші 65 жастан асқан тіссіз адамдардың пайызымен есептеледі. Еуропа елдері мен Америкада бұл көрсеткіш 25-30 пайыз болса, Жапонияда 10 пайызды құрайды.

• Жапония бұл нәтижеге жоғары технологиямен қоса, стоматологиялық қызметтің қол жетімділігі және қауіпсіздігі арқасында қол жеткізіп отыр. Аталған кәсіби саланың даму тарихы тым тереңде. Мысалы, жергілікті мамандардың технологиялық деңгейі мен біліктілігі ертеден-ақ Еуропа елдерінен жоғары болған.

• Жапон стоматологиясының Еуропа елдерінен басты айырмашылығы – тісті аса жоғары бағалауында. Тісті жұлу – жапондықтар үшін жат әдет. Егер де емделушінің тісін сақтап қалу мүмкіндігі болса, дәрігерлер міндетті түрде бар күшін емге жұмсап, табиғи тісті сақтап қалуға тырысады.

• Соңғы жылдары тістерін Жапонияда емдетін шетелдіктер көбейген. Біріншіден, мұнда соңғы технология қолданылады, екіншіден, мемлекет емделуші жағдайының жақсы болғанын қадағалайды. Тіпті, бұл елде «Тіс саулығы – ұлт саулығы 80-20» деп аталатын ұзақ мерзімді бағдарлама да қабылданғаны мәлім. Бағдарлама бойынша әрбір 80 жастағы қарияның 20 тісі болуы керек деген ұстаным басшылыққа алынады.

• Тіс протездерін жасау әдістемесі Еуропада 18-ші ғасырда енді-енді пайда бола бастағанда, Жапония стоматологиялық протездеу технологиясын олардан 150 жыл бұрын, XVI ғасырдан бастап қолданып келген болатын. Жапондар тіс протезін ағаштан жасаған еді.

• Қазақстанда 1931 жылға дейін стоматологиялық кадр даярлау бойынша бірде-бір мамандандырылған медициналық мектеп болған емес.

• 1931 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институты ашылды (қазір ол С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті). Бұл идеяны жүзеге асырушы Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясының түлегі Санжар Асфендияров еді.

**P.S.**

***Хоош делік. Сонымен өздеріңіз байқағандарыңыздай, тіс емдеу бүгінде медициналық қызметтің ең қымбат түріне айналып барады. Тісіңізді толық емдетемін десеңіз миллиондап жұмсауыңыз керек. Ал, бала-шағаңыздың аузынан осынша қаржыны жырмаймын десеңіз тіс күтімін баса назар аударыңыз. Асылы, бұл істі ерте бастаған жөн. Тіс емдеу мен салудың қымбаттығын мамандар оған кететін материалдың құнымен байланыстырады. Төзімділік, дәлдік пен шеберлікті талап ететін жұмыстың қиындығы тағы бар.***



**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

# 2021 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

5 көпқабатты тұрғын үйді абаттандыру басталды Батыс тұрғын ауданының Алашахан даңғылы, 34 И, 34 Е, 34 К, 34 Ж, 34 З мекен-жайы бойынша (абаттандыру) жалпы сомасы 219 млн. теңге, жоба өтпелі, 2023 жылы аяқталады.

2020 жылдан бастап жеке тұрғын үй құрылысына 504 (2-кезек) жер учаскесін беру бойынша жұмыстар басталып, жалғасуда.

Тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Қала орталықтандырылған сумен және жылумен толық қамтамасыз етілген. Қаланың 6 ауылдық елді мекені орталықтандырылған сумен 75%-ға, су бұру жүйесімен (кәріз) 25%-ға қамтылған.

***Өткен жылы ЖСЖК АҚ*** 15,4 шақырым жылу желілерін, 6 шақырым су құбыры желілерін, 0,6 шақырым кәріз желілерін жөндеді.

***Сондай-ақ,*** **«Қазақмыс Дистрибьюшн» ЖШС және «Жезқазған энергия тарату компаниясы» АҚ ЖЭС** ***тарапынан электр желілері мен жабдықтарды қысқа дайындау жұмыстары жүргізілді. Барлығы – 423,3 шақырым электр желілері мен 304 трансформаторлық қосалқы станциялар жөнделді.***

***Қала 2021-2022 жылдардағы жылу беру маусымына уақытылы дайындалды (651 көпқабатты тұрғын үй, 37 білім беру нысаны, 11 денсаулық сақтау нысаны, 10 мәдениет нысаны және 4 спорт нысаны), ол 2021 жылдың 4 қазанында басталды.***

«Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қаланың жылу желілерін қайта жаңарту және жаңғырту жалғасуда (2-кезек). Биыл ұзындығы 11 шақырым желілер ауыстырылады.

Жалпы ұзындығы 219 шақырым қалаішілік су құбыры желілерін (1,2,3 кезек) қайта жаңартылуда, жобалардыіскеасырубасталғаннанбері163,4шақырым су құбыры желілері немесе 75% жаңартылды. Жаңа қалаішілік желілерге Бөгенбай батыр ықшам ауданы (Пристационный кенті), Аварийный кенті, 5 аудан (5 аудан – тек санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін), 61-65 орамдар және Оңтүстік су құбыры (Сарыарқа көшесі, 7-ден №2 КНС дейін) қосылған. Ағымдағы 4, 5, 6, 91-92-орамдар, Қабанбай батыр ықшам ауданын (Геологический кенті), Оңтүстік су құбырын, Ескі солтүстік су құбыры және Жаңа солтүстік су құбырын қосу жоспарланған.

Жобаларды іске асыру су құбыры желілерінің тозуын 72-ден 36%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Жобалар өтпелі, 2022 – 2023 жылдары аяқталады.

Шаруашылық-ауыз су тазарту нысандарын қайта жаңарту жалғасуда (3-кезек). 5 таза су резервуарын (1700-ден 4600 текше метрге дейін), 5 шақырым алаңішілік желілер салу және 2 көтермелі сорғы станциясын реконструкциялау көзделген. Жоба 2023 жылы аяқталады.

Өткен жылы біз қаланың шаруашылық-ауыз су тазарту нысандарын 2-ші кезегін жаңа технологияларды пайдалану арқылы қайта жаңарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірледік, құрылысты ағымдағы жылы бастау жоспарланып отыр.

Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бағыты бойынша 2021 жылы қаланың 6 көппәтерлі тұрғын үйінің қасбеттері жөнделді, 8 үйдің қабырғалары  10 муралмен безендірілді.

Абаттандыру бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа: 52 аула аумағы жайластырылды, яғни, онда 52 бірлік балалар алаңы, 46 бірлік тренажер, 22 футбол алаңы орнатылды, оның ішінде мыналар орнатылды:

– кешенді 19 балалар алаңы;;

– футбол алаңы бар 10 балалар алаңы;

– 9 балалар ойын кешенін демонтаждау арқылы;

– тренажерлармен бірге 14 балалар алаңы.

Наурыз саябағын, Талап ауылы саябағын және Сәтпаев көшесіндегі айналма жолды абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, 476 контейнер мен 100 қоқыс жәшігі орнатылды. Биыл Абай көшесіндегі гүлзар 82,3 млн. теңге сомасына абаттандырылды. Балалар алаңы және тас (брусчатка) төсеу қарастырылған.

**2022 жылы қаланы көгалдандыру** бойынша мынадай жұмыстар жүргізілетін болады.

Аумақтарды, скверлерді, аллеяларды суаруды ұйымдастыру, көгалдарды (газон), жасыл желектерді – 1679 дана, бұталарды – 993 ұ. м. отырғызу, ұзындығы 3,4 шақырым суаратын су құбырын салу, барлығы 99,7 млн. теңге сомаға, оның ішінде:

– С. Сейфуллин көшесіндегі сквер. 64 дана жасыл желектерді, 78 ұ. м. бұталар  отырғызу, ұзындығы 1,6 шақырым суаратын су құбырын салу, 26,9 млн. теңге сомаға

– «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына аранлған» мемориал скверi, 551 дана жасыл желектерді, 268 ұ.м. бұталарды отырғызу, ұзындығы 0,4 шақырым суаратын су құбырын салу, 19,6 млн. теңге сомаға;

– «Мәңгілік алау» мемориалының Даңқ аллеясы, 1064 дана жасыл желектерді, 647 ұ.м. бұталарды отырғызу, ұзындығы 0,9 шақырым суаратын су құбырын салу, 40,3 млн. теңге сомаға.

– Абай көшесін (айналма жол) сыртқы жарықтандыруды орнату арқылы абаттандыру. Көгал отырғызу, ұзындығы 0,5 шақырым суару су құбырын салу, 12,9 млн. теңге сомаға.

Жезқазғандықтар көгілдір отынның игілігін пайдалана бастады. Жалпы алғанда қаламыздың 3,5 мың жеке және 14 көп қабатты үйін (12 мыңға жуық халық), 2 ірі кәсіпорнын (мыс қорыту зауыты, «Қазкат» зауыты) газдандыру жоспарланған. Газдың болжамды қажеттілігі жылына 62 млн. м$^3$ құрайды.  («Сарыарқа» магистральдық газ құбырының ұзындығы 1136 шақырымды құрайды, оның 26 шақырымы Жезқазған қаласының аумағы арқылы өтеді. Жобаның жалпы сомасы 15 млрд. теңгені құрайды).

Жезқазған қаласын газдандыру 3 кезектен тұрады. Жұмыс 2020 жылдан басталды.

Қазіргі уақытта Талап ауылына (жеке үйлер мен нысандарға енгізу басталды, бұл жерде нысандардың құжаттарына қатысты қиындықтар туындауда, ол жөнінде қажетті ақпарат таратылды), Бөгенбай батыр (Пристанционный кенті) және Қабанбай батыр (Геологический кенті) шағын аудандарына дейін газ құбыры тартылған. Бұдан әрі газ құбырларын тарту, яғни, газды жеткізу мынандай кезекпен жүргізіледі: Бекболатсай (Рыбачий кенті), Қостанкелді (Комбинатский кенті) шағын аудандары, одан әрі 91-99, 66-84, 1-8 орамдар, 7,8 шағын аудандары, Батыс ауданы. Аяқталу мерзімі – 2026 жыл.

Қазіргі заманғы көлік инфрақұрылымын қалыптастыру қаланың тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Сондықтан автомобиль жолдарының жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлінеді (өткен жылы автомобиль жолдарын жөндеуге – 1,3 млрд.теңге бөлінді).

Қаланың 8 көшесіне (Асылбеков, Аманжолов, Анарқұлов, Әуезов, Жанасов, Смаилов, Түсіпбеков, Шевченко көшелерінің ұзындығы 9,9 шақырым), 15 ауланың аула ішіндегі жолдарына (4, 5, 6-шағын аудандары, 4, 6 шақырым), (Анарқұлов, Жанасов, Шевченко көшелерінің жолдарын орташа жөндеу бойынша «МК Групп» ЖШС мердігерлік ұйымына жұмыстарды тиісінше орындамағаны үшін сотқа талап арыз берілді) орташа жөндеу жүргізілді. Жезқазғанның 2 көшесінде (Марғұлан, Құрманбаев), Алашахан даңғылындағы жұқпалы аурулар ауруханасында апаратын, сондай-ақ Талап ауылының 3 көшесінде (Бектепбергенов, Абай, Құрманғазы) жеке жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 61% құрады.

Халықтың көптеген өтініштеріне байланысты Спутник саяжай алабына (2070 ш. м.) апаратын автомобиль жолына жөндеу жүргізілді.

Мердігерлік ұйымдар тарапынан қала мектептерінің жанынан 26 жасанды жол кедергілері, 200 дана жол белгілері және Алашахан даңғылы бойындағы «Өркен» мектебі жанында жаяу жүргіншілерді өтуге шақыратын таблосы бар жаяу жүргіншілер бағдаршамы орнатылды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында желіге әлемде қабылданған стандарттарға сәйкес келетін, бейне бақылаулары, пандустарды көтеру жүйелері, цифрлық жүйелер және GPS-құрылғылармен жабдықталған **20 жаңа жайлы автобус іске** қосылды. Бұл электрондық билеттеуді ашуға және City-Bus мобильді қосымшасын іске қосуға мүмкіндік береді, онда тұрғындар автобустардың қозғалысы туралы ақпарат алады.

Апатты үйлердің тұрғындарын көшіру маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Өткен жылы 24 апатты үйдің (259) тұрғындарын көшіру бойынша жұмыс жүргізілді, 178 пәтер бағаланды, 129 меншік иесіне жалпы сомасы 883 млн. теңге өтемақы төленді, жекешелендірілмеген 8 пәтердің тұрғындарына коммуналдық қордан тұрғын үй берілетін болады.

Сонымен қатар қала әкімдігі 2022-2025 жылдарға арналған Тұрғын үй қорын  реновациялау бағдарламасын қабылдады, онда барлығы 137 апатты және ескі үй қамтылады. 2022 жылға арналған жоспарда 21 апатты үй, оның ішінде Абай көшесі, Байқоңыров бойындағы апатты үйлер бар. Қазіргі уақытта әлеуетті Инвесторды іздеу үшін интернет-ресурста орналастыруға құжаттама дайындалуда. Реновация бағдарламасына сәйкес, басты рольді Инвестор атқарады, себебі пәтерлер мен нысандардың меншік иелеріне тек инвестор баламалы тұрғын үй мен нысандар беруі тиіс.

2021 жылы өтемақы алмаған 24 апатты үйдің **(122 пәтер),** сондай-ақ Қаражар, Пугачев, Ломоносов, 14 мекенжайларындағы 20 үйдің тұрғындарын көшіруді жалғастырамыз.

Қалада 13 көп қабатты тұрғын үй **17 лифтімен жабдықталған**, оның істемейтіні – 3 лифт (Алашахан даңғылы, 32 – 2 лифт, Гагарин көшесі, 82 – 1 лифт). Лифтілерді қалпына келтіру Қазақстандық ТКШ жаңғырту және дамыту орталығы бөлген қайтарымды қаражат есебінен жүргізіледі, қайтару мерзімі 8 жыл. Осыған байланысты қала тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

2022 жылдың шілдесінен бастап ПИК-тер өз қызметін тоқтатады, осыған байланысты 206 көпқабатты тұрғын үйлерде мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) немесе жай серіктестік құру қажет.

2021 жылы 281 жаңа басқару нысаны, оның ішінде 7 МИБ (меншік иелерінің бірлестігі) және 274 қарапайым серіктестік құрылды.

**Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау** мүлде жаңа тәсілдерді қамтуда.

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде 1463 жаңа жұмыс орны құрылды, оның 462-сі – тұрақты.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының арқасында барлығы 3517 жұмыссыз жұмысқа орналастырылды (116 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар тәжірибесіне – 76 адам, ақылы қоғамдық жұмыстарға 710 адам, қысқа мерзімді оқыту курстарына 40 адам жіберілді).

**2022 жылы** 2057 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – 1234.

Жалпы сомасы 121 млн.теңгеге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті 345 отбасы немесе 1527 адам алды.

Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан 65 адам тартылып, 52 адам жұмысқа орналастырылды. Бұл ретте 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалары бар азаматтар кепілдендірілген әлеуметтік пакеттермен қамтамасыз етілген.

Айта кету керек, 2021 жылы аз қамтылған отбасылар саны 7,3%-ға немесе 27 отбасына азайды.

**2022 жылдан бастап аталған қызмет әлеуметтік қызметтер порталы арқылы көрсетілетін болады,** (атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар электрондық цифрлық қолтаңбамен 100% қамтамасыз етілген).

Қалада 1498 көп балалы ана бар, оның ішінде 1219-ы тегін жол жүру билеттерін алды. Халықты жұмыспен қамту орталығында «Жанұя» көп балалы отбасыларды қолдау орталығы жұмыс істейді, онда АӘК алу, оқыту, жұмысқа орналастыру, өз ісін ашу мәселелері бойынша кеңес беретін психологтар мен білікті мамандардың қызметтері ұсынылады, барлығы 598 адамға кеңес берілді, 5 «Тікелей эфир» өткізілді, БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы түсініктемелер берілді.

Мұқтаж азаматтардың барлық санаттары тиісті мемлекеттік әлеуметтік қолдау пакетімен қамтамасыз етіледі. Атап айтсақ:

– үйде оқитын 38 мүгедек балаға жалпы сомасы 900 мың теңге материалдық көмек көрсетілді.

– арнайы әлеуметтік жәрдемақы алатын 14 жалғыз басты зейнеткерге және мүгедектігі бар адамдарға жалпы сомасы 490,1 мың теңге өтемақы төленді.

– соғысқа қатысушылар мен оларға теңестірілген 7602 азамат, мүгедектігі бар адамдар, ерекше қажеттіліктері бар балалар, көп балалы аналар мен қарттар жалпы сомасы 103,4 млн.теңгеге әлеуметтік көмек алды.

– 137 мүгедек сурдо-тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етілді, 73 адам кресло-арба алды, 219 адам санаториялық-курорттық емделуге жіберілді.

– 207 мүгедек бала мен 355 жалғыз басты мүгедек зейнеткерлерге үйде қызмет көрсету ұйымдастырылды.

Қоғамдық ұйымдармен, кәсіпкерлермен бірге азық-түлік жиынтығы түрінде көмек үнемі ұйымдастырылады. Өткен жылы мұндай көмекті 600-ден астам адам алды.

**Білім беру** ұйымдарының инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 2 мектепке (№9, №133) және 2 балабақшаға (№1 және №10, жалпы сомасы 605 млн. теңгеге) күрделі жөндеу жүргізілді.

**2022 жылы** №7 мектеп-лицейге күрделі жөндеу жүргізіледі.

Есепті кезеңде жаңа модификациядағы 16 кабинет жабдықталды (математика, бастауыш сыныптар, география) жалпы сомасы 93 млн.теңгеден жоғары.) Ағымдағы жылы тағы 20 кабинет жабдықталады (STEM-1, қазақ тілі – 5, ағылшын тілі – 5, бастауыш сынып кабинеттері – 5, психолог кабинеті – 4) және бес мектептің спорт залдары жарақтандырылады (№2, 6, 9, 14, 15 – 190,5 млн. теңге көзделген).

Білім беру орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған Жол картасы бойынша қала мектептерінде мамандандырылған күзет енгізілді, 33 білім беру объектілерінде дауыстық хабарлау жүйелері және қаланың 13 мектебінде турникеттер орнатылды (онда 600-ден астам бала).

Жезқазған өңірін тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасы аясында «Қазақмыс» корпорациясының қаражаты есебінен 2025 жылға дейін **880 орындық 4 балабақша салу жо**спарлануда, бұл балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтуды 82%-ға дейін арттырады.

Білім беру процесіне қатысушылардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жол картасы бойынша қала мектептерінде мамандандырылған күзет енгізілді, 33 білім беру объектілерінде дауыстық хабарлау жүйелері және қаланың 13 мектебінде турникеттер орнатылды (600-ден астам бала оқитын білім обьектілеріне қойылған талапқа сай).

Жезқазған өңірін тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасы аясында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС қаражаты есебінен 2025 жылға дейін **880 орындық 4 балабақша салу** жоспарлануда, бұл балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды 82%-ға дейін арттырады.

**Денсаулық сақтау** саласында мынадай оң көрсеткіштер бар.

Қалалық емханада келесі бөлімшелер ашылды:

– бронх-өкпе патологиясы бар пациенттерді оңалту бойынша бөлімше, 2 дәрігер пациенттерді қабылдайды, бөлімше жанында ультрадыбыстық терапия, магнитотерапия кабинеттері, 2 фитобочка кабинеті, балалар және ересектер тұзды шахтасы ашылды.

– пациенттер ағынын бөле отырып қабылдау жүргізетін, ана мен бала орталығы (гинекологиялық және педиатриялық қабылдау), қабылдауды 2 акушер-гинеколог дәрігері және 3 акушер жүргізеді, балаларды қабылдауды (0-ден 3 жасқа дейін) педиатр жүзеге асырады). Отбасын жоспарлау кабинеттері жұмыс жасайды («Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 23 жұп тексеріліп, жүктілік бойынша есепке алынғаны – 3), босануға дайындық, әйелдер ағзаларының патологиясы мектебі.

Орталық мектептермен бірлесіп «Жасөспірімнің репродуктивті денсаулығы», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Контрацепция және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)» офлайн және онлайн семинарларын өткізеді.

Қала бойынша жедел медициналық жәрдем бригадаларының саны 7 және 2 резервтік бригада бар. Жедел жәрдем бригадалары жабдықтар және автокөлікпен 100% жабдықталып, 3 бірлік ӨЖЖ аппараты, 5 дефибриллятор, 5 ЭКГ аппараты, 3 электр сорғы, 7 пульсоксиметр сатып алынды.

Жедел жәрдем қызметінің тұрақты жұмыс істеуі үшін бірыңғай диспетчерлік қызметіне арналған «АДИС» бағдарламалық жабдығы орнатылған, автокөлікте GPS жүйесі, қоңырауларға қызмет көрсету сапасын бақылау үшін диктофондар орнатылған, барлық бригадаларда планшетте электрондық құжат айналымы жүргізіледі.

Көпбейінді аурухана базасында босандыру бөлімшесінде Voluson E10 аппараты орнатылған, оның көмегімен әйелдер денсаулығын қорғау саласында сапалы қызметтерді қамтамасыз етуге болады. Аппарат сараптамалық кластағы акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету және жүкті әйелдер мен халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға арналған.

Медициналық ұйымдарда жаңа модификациядағы 18 түрлі медициналық аппараттар мен жабдықтар сатып алынды (цифрлық маммография жүйесі, Dre 140 пр-ва јрі рентген аппараты, VENTI өкпені жасанды желдету аппараты -6 бірлік, «Ерос» қан талдау жүйесі, электрохирургиялық жоғары жиілікті ЭХВЧ-350-«Фотек» аппараты – 3 бірлік, электрокардиограф, лазерлі және лазерлі-вакуумдық терапия аппараты «Лазмик-01 (2-лазерлі арна), урологияға арналған бейнеэндоскопиялық кешен (биполярлы трасуретральды резекцияға арналған жиынтық) ТУР-1 және «Жезденсаулық»ЖШС-де Samsung Medison компаниясынан жоғары деңгейлі УЗИ аппараты сатып алынды).

2022 жылы перзентхана бөлімшесіне және көп бейінді аурухананың қасбетіне, Сәбилер үйіне жалпы сомасы 516,4 млн.теңгеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда, 260 млн. теңгеге көп бейінді аурухананың аумағы абаттандырылады.

Жезқазған аймағындағы онкологиялық науқастарға медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін 45 төсектік онкологиялық орталық ашу көзделген.

Денсаулық сақтау жүйесінің жұмысын табысты іске асырудың негізі кадрлар болып табылады. Ұйымдарда медицина қызметкерлерінің жалпы саны 1701 құрайды, оның ішінде дәрігерлер – 396, орта медицина қызметкерлері – 1305 адам, есептік кезеңде 18 жас маман келді.

Облыс әкімдігі, денсаулық сақтау басқармасы және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС арасында жасалған меморандум аясында жас мамандарға 20 пәтердің кілті (Жеңіс көшесі, 3 а бойынша) берілді, ағымдағы жылы 28 медицина қызметкері үймен (Гагарин көшесі, 70/2 бойынша) қамтамасыз етіледі.

Өткен жылы 1000 астам мәдени-сауық іс-шаралары өткізілді, 63 спектакль көрсетілді, театр репертуары үш жаңа спектакльмен толықтырылды, Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияда 20 стационарлық және 21 гастрольдік концерттер ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтті.

Қаланың көркемөнерпаздар ұжымдары халықаралық, республикалық, облыстық маңызы бар 20 түрлі фестивальдар мен конкурстарға қатысты. Халықтар достығы және мәдениеті үйінің көркемөнерпаздар ұжымдары «Диндалле» халықтық ансамблі халықаралық би байқауында бас жүлдені, «Шашу» халықтық ансамблі «Turkestan Musik Festival» фестиваль-байқауында бас жүлдені, «Шалқыма» ансамблі халықаралық байқауда бас жүлдені жеңіп алды.

«Сарыарқаның көшпенді мәдениеті» облыстық фестиваліндегі жеңісімізді өткен жылдың үлкен жетістігі деп атауға болады. Осы фестивальде Жезқазған Қарағанды облысының қалалары мен аудандары арасында бас жүлдеге ие болды.

Қазақ халқы мемлекеттілігінің қалыптасу тарихының маңызды кезеңдерінің біріне халықтың қызығушылығын арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен **«Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің** ашылуы

# және АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР ТУРАЛЫ

өтті (жалпы сметалық құны 1,9 млрд. теңге). Кешен халықаралық деңгейдегі туризм нысаны болуы тиіс, онда жылына 3 мыңға дейін туристер келеді деп күтілуде. Болашақта оны ғылыми база ретінде, ғалымдардың қатысуымен ғылыми конференциялар, студенттер мен оқушылар үшін практикалық сабақтар өткізу үшін пайдалану көзделуде.

Өткен жыл бірқатар айтулы оқиғаларға, мерейтойлық күндерге толы болды. Қазақстанның халық әртісі С. Қожамқұловтың туғанына 125 жыл толуына, 50-ші театр маусымының ашылуына, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, өлкетанушы Сүтемген Бүкіровтың туғанына 100 жыл толуына арналған іс-шаралар топтамасы өткізілді, режиссер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жанат Хаджиев атындағы форум-фестиваль өтті.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, өлкетанушы Сүтемген Бүкіровтың туғанына 100 жыл толуына орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды: тарихи-танымдық көрме, кітаптардың тұсаукесері, XVIII «Бүкіров оқулары» аясында республикалық ғылыми-практикалық конференция, жастар мен жасөспірімдердің ғылыми жұмыстарының облыстық конкурсы, «Тұғыры биік тұлға» альбом-кітабы және «Музей ата» естеліктер жинағы жарық көрді.

«Жезқазғанның өшпес жұлдыздары» жобасы аясында атақты жерлестеріміз Ибрагим Бешақырымаханов, Зинаида Чумакова, Жәлел Қалмағамбетов, Жұмамәди Ибадильдинге арналған еске алу кештері ұйымдастырылды.

Өткен жылдың маңызды оқиғаларының бірі «Наурыз» саябағында Абай Құнанбаев ескерткішінің ашылуы болды.

Тіл саясатын дамыту бағдарламасы бойынша «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығында қазақ және ағылшын тілі курстарында 23 топ құрылып, 309 тыңдаушы оқытылды, бұл 2020 жылдан 2%-ға артық.

Ағымдағы жылы «Ұлытау үні» халық шығармашылығы және көркемөнерпаздар фестивалінің 30 жылдығын, Ж. Сейiловтың әндерін орындаушылардың республикалық конкурсын, С. Қожамқұлов театрының 50 жылдық мерейтойын өткізу жоспарлануда.

Тұрғындарды спорт және дене шынықтыруымен айналысуға тарту бойынша жұмыс маңызды аспект болып табылады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту 30271 адамды немесе 30,6% құрады.

Қалада спорттың 26 түрі дамыған, оның ішінде 11-і олимпиадалық бағдарламаға енгізілген, 6-ы олимпиадалық емес және 3-і ұлттық спорт түрлері.

Мына спорттық нысандар жұмыс істейді:

– «Спорттық-сауықтыру кешені»,

– «Таэквондо», «НАМЫС» спорт кешендері, 2 облыстық мамандандырылған спорт мектептері (Балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резервінің мамандандырылған спорт мектебі (1058 бала, спорттың 7 түрі), байдарка мен каноэда есуден балалар мен жасөспірімдерге арналған мамандандырылған спорт мектебі (386 бала, спорттың 1 түрі).

Ағымдағы жылы 174 спорттық іс-шара, оның ішінде 5 республикалық және 19 облыстық турнирлер өткізу жоспарланып отыр. «Намыс» СК қолдауының арқасында 200 адамға арналған жатақханасы бар спорт академиясының құрылысы аяқталады, бұл өңірдің ауылдық жерлеріндегі балалардың кәсіби спортпен шұғылдануына жол ашады.

Біз халыққа көрсетілетін спорттық қызметтердің сапасын арттыруды, олардың жан-жақты физикалық дамуына ықпал ету мақсат етеміз.

**Құқықтық тәртіпке қатысты айтар болсақ, қаладағы криминогендік жағдай тұрақты болып қалуда.**

«Қауіпсіз қала» жобасы бойынша бүлтты бейнебақылау аясында қалада 273 бейнекамера, оның ішінде 200 стационарлық, 45 жылдам бұрылатын, 20 нөмір белгілерін тану камерасы, жол қиылыстарында жол қауіпсіздігі ережелерін бұзу жағдайларын тіркейтін 2 камера, 6 шұғыл байланыс **терминалы орнатылған және жұмыс істейді**.

Маңызды міндеттердің бірі - халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Өткен жылы халыққа 27 598 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

– қағаз түрінде мемлекеттік органдар арқылы – 1095 (4%);

– Мемлекеттік корпорация арқылы – 2750 (10%);

– электрондық түрде – 23753 (85%) қызмет.

Мемлекеттік қызметтердің жалпы санынан «Open spase» арқылы – 10140 қызмет көрсетілді.

2021 жылы халықтың осы қызметтерді көрсету сапасына қанағаттану деңгейі 93,4%-ды құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 11%-ға жоғары.

2022 жылы адами капиталды дамыту, қала тұрғындарына ақпаратқа тең қолжетімділікті ұсыну шеңберінде әкімдіктің қолдауымен қала кәсіпкерлері жеке секторға жылдамдықты, талшықты-оптикалық интернет-байланыс жүргізуді жоспарлап отыр. Интернет жылдамдығы 8 Мбит/с-тан 1000 Мбит/с-қа дейін артады.

Қаланың барлық мемлекеттік мекемелері электрондық құжат айналымы жүйесіне және азаматтардың өтініштері келіп түсетін Е-өтінішке қосылған. Талдау көрсеткендей, жыл басынан бері өтініштер саны 1978 құрады (2020 жылы – 1871). Басым бөлігін немесе 49%-ын жерге орналастыру мәселелері, 25%-ын коммуналдық шаруашылық мәселелері, 9%-ын тұрғын үй беру бойынша өтініштер құрайды. 12 ай ішінде қарау мерзімдері бұзылған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері болған жоқ. Осы кезеңде қала әкімінің блогына – 37, облыс әкімінің блогына – 23 өтініш түсті.

Әкімнің азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауы жыл басынан бері күн сайын өткізілді. Қала әкімі 23 жеке қабылдау өткізді, онда 129 адам қабылданды. 146 мәселе қаралды: 85 сұраққа бірден түсініктемелер мен кеңестер берілді, оларды шешу жолдары көрсетілді, 11 мәселе оң шешілді. Басқа 50 мәселе бойынша қала әкімінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеме басшыларына тапсырмалар берілді. Қала әкімінің орынбасарларымен 21 азамат қабылданды.

Бұдан басқа, әлеуметтік желілер арқылы өтініштерге тәулік бойы мониторинг жүргізу және оларды дереу қарау ұйымдастырылған. 2021 жылдың соңында тұрғындарға ыңғайлы болу үшін Telegram-бот «Zhezkazgan_Akimdik» қосымшасы құрылды.

Жаңа **2022 жылдың бюджеті** 22 млрд 559 млн 637 мың теңге көлемінде қалыптасты. Бюджеттің шығыс және кіріс бөлігі негізінен теңдестірілген. Бюджет қаражаты бізге қаланың әлеуметтік – экономикалық дамуына бағытталған барлық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Жалпы, біздің жоспарымыз бойынша 2022 жылы қала экономикасы 2%-ға немесе 855 млрд теңгеге өседі. Өсім өнеркәсіп есебінен 720 млрд теңге көлемінде, 1,3%-ға қамтамасыз етіледі, мұның өзінде ірі және орташа кәсіпорындарға инвестициялар деңгейі 44,2 млрд теңгені, өсім 1,3%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығының өсімі 1,5%-ға немесе 8,9 млрд теңге көлемінде көзделіп отыр. Біз тауар айналымын өткен жылдық деңгейінде, шамамен 60 млрд теңге көлемінде ұстауға ниеттіміз. Құрылыс көлемін 22,7 млрд теңгеге орындап, немесе 1,3%-ға, арттырып, сондай-ақ тұрғын үйді іске косуды 28,2 мың ш. м. жеткізбекпіз.

Қаланы дамыту тұрғысынан өте маңызды болып табылатын, оның жақын арадағы келешегіне пәрменді ықпал ететін негізгі жобалар.

Бірінші – бұл қала экономикасын әртараптандыру жобалары.

**«Қара мыс концентраттарын қайта өңдеу гидрометаллургиялық тәжірибелік зауытының құрылысы».** Оны «Қазақмыс» корпорациясы жүзеге асыруда. Жоба мыс балқыту өнеркәсібін жаңа гидрометаллургиялық өңдеу түріне көшіру тұрғысынан маңызды. Корпорацияның мәліметі бойынша зауытты іске қосу ағымдағы жылдың бірінші жартысына жоспарлануда.

Келесі, **«Қазхимсинтез»** **кәсіпорнының** **«Өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт құрылысы».** Зауыттың шығаратын реагенттің басты тұтынушылары байыту фабрикасы және жоғарыда аталған өндіріс ошағы болмақ.

**Биоэлектростанция құрылысы**. Бұл республика аукымындағы бірінші кластерлік жоба. Мұнда қатты тұрмыстық қалдықтарды, қоқысты жинау, оларды тасымалдау, қайта өңдеуден бастап толық кәдеге жаратуға дейінгі процестер көзделген. Гидрометаллургиялық зауытпен қоса, бұл станция да қаланың экологиялық мәселесін шешуде маңызды роль атқарады.

Осы үш ірі жобаны іске асыру нәтижесінде 720 млрд.теңгеге өнеркәсіп өнімі өндіріліп, 320-дан астам жұмыс орны құрылады, 17,6 млрд. теңге көлемінде инвестиция салынады, жылына 2592 МВт электр энергиясы өндіріледі.

**Екінші – халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға** бағытталған жобалар.

**«Дарынды балаларға арналған «Өркен» мектебі жанынан 200 орындық жатақхана» салынады.** Бұл міндет ел Президентінің біздің өңірге сапары барысында қойылды. Ол ауылдық жерлердегі балалар үшін «Өркен» мектебінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

**Бұрын Геология кенті болған, Қабанбай батыр ықшамауданының** тұрғындары қала шекарасында бола тұра, ауылдарда кездесетін қиындықтарға тап болып отыр. Екіншіден, бұл жер геологиялық кластерді дамыту үшін тірек пункті болады. Ауданның келешегін ескере отырып, онда **200 орындық мектеп салынады.** Сондай-ақ, алдағы уақытта да ауданның дамуына тұрғыда назар аударылып отырылады.

**«Теректі ауылында 80 орындық мектепті» ашу арқылы** біз мектептеріміздегі апатты жағдайларды толығымен жоямыз.

**4. Биыл тағы 8 көшенің автомобиль жолдарына орташа жөндеу жүргізіледі. Жалпы ұзындығы 7,6 шақырым.** *Жол жөндеу жұмыстарының қарқынын біз төмендетпейміз. Жыл сайын кем дегенде осындай көлемде қамтып отырамыз.*

**5. 2022 жылы 6 көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы аяқталады** (жалпы ауданы 4,9 мың ш.м. – Ғарышкерлер көшесі, 33а-32 пәтер, Алашахан даңғылы, 17а-12 пәтер; 14,7 мың ш. м. Алашахан даңғылы, 34е, 34н, 34п, Гагарин көшесі, 70/1) Нәтижесінде 1 жылдың ішінде жалпы ауданы **19,6 мың ш. м. тұрғын үй беріліп**, 224 отбасына пәтер кілттері табысталады, 01.01.2022 жылға белгіленген тұрғын үйге мұқтаждар кезегі 9,3% төмендейді (2400 ден 2176 дейін).

6. **«Қаланың бірыңғай сәулеттік стилін – дизайн кодын әзірлеу» бойынша жаңа жоба басталады. Жоба жалпы** *қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бағытталған және ол тұрақты түрде жүзеге асырылатын болады.*

7. **Қаладағы 2 коммуналдық жатақхана күрделі жөндеуден өткізіледі. Бұл жұмыс** *өмірлік қиындықтарға тап болған адамдарға қолдау көрсетіледі.*

8. **«Электрондық билеттендіру жүйесін енгізу, автобус паркін толық жаңарту» жобасы** *жолаушылар тасымалы қызметінің сапасын арттыруға бағытталады.* Қоғамдық көлікте қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету және қаланың автобус аялдамаларында тегін Wi-Fi орнатылады, бұл электрондық билеттеуді енгізуге ықпал етеді. *Автобус паркі 100% пайызға жаңартылатын болады. Өткен жылдың өзінде біз 30% жаңарттық, биыл 60 %, 2024 жылы 100% жеткіземіз.*

9. **«Жезқазған қаласын сумен жабдықтауды ескере отырып, Есқұла су құбырының құрылысын аяқтау».** Бүгінгі күні құбыр Кеңгір ауылына келіп тұр. Ағымдағы жылдың мамыр айына дейін Кеңгірге Есқұла суы толықтай енгізіледі, одан әрі қаланың оңтүстік аумақтарына тарту жалғастырылады.

Осы бағытта 2 жоба іске асырылуда:

1) **«Жезқазған қаласын сумен жабдықтауды ескере отырып, Есқұла су бөгетін қайта жаңарту»,** сараптаманың оң қорытындысы алынды (27.02.2020 ж. №01-0111/20). «Қазақстан Республикасы Су ресурстары комитеті» әкімшісі тарапынан қаражат бөлінді. Мердігер болып «СК-KazAlem» ЖШС анықталды.

2) **«Жезқазған қаласын сумен жабдықтауды ескере отырып, Есқұла** су құбырының құрылысы» (№2 түзету) жобасы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты мен Қазақстан Республикасы Су ресурстары комитетінің қаражаты есебінен әзірленді, 2 млрд. теңге бөлінді,»СК Megaron» ЖШС мердігерлік ұйымы анықталды. Жоба мыналарды қамтиды: жаңа сорғы станциясының, гипохлораторлық, хлораторлық бөліктерінің, резервуарлардың, 3-ші көтергіш сорғы станциясынан Жезқазған қаласына дейінгі су таратқыштың құрылысын аяқтау (16 шақырым).

**10. «Үйтас-Айдос су құбырын жаңарту» жобасы.** Мұнда ұзындығы 56 шақырымды құрайтын Үйтас – Айдос құбыры күрделі жөндеуден өткізіледі. Орындалу мерзімі Президент тапсырмасына сай 1,5 жылды құрайды. Одан кейін, Қожамсейіт жерасты су көзін пайдалану мүмкіндіктері де ескеріледі. Жаңарту жұмыстары Жезқазған қаласының шаруашылық-ауыз су тазарту нысандарына дейін жүргізіледі. Осылайша құбырлар толықтай жаңартылып, сапалы ауызсуға қол жеткізіледі.

Қожамсейіт жер асты сулары кен орнын игеру арқылы жүргізілетін су қоймасының құрылысы өте қажет, өйткені қазіргі уақытта қаланы сумен жабдықтау көздерінің бірі болып табылатын Кеңгір су қоймасындағы су айнасының көлемі жыл сайын азайып келеді. Ол ауыз судың және қаланы сумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

11. Қала әкімдігінің 1 қабатында «Ашық әкімдік» **– Open Space» офисі жаңа жылдан бастап жаңартылып ашылды.** *Оны одан әрі дамыта отырып, «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді 100% қамту көзделген.*

Сонымен қатар, былтырдан бері **ISO 37001-2016 халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын** біздің жағдайға сәйкестендіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Биыл енді сол стандарт енгізіледі. Бұл жоба *Жезқазған қаласы әкімдігінің қабылдаған пара алуға қарсы әрекет саласындағы саясатты іске асыруда пәрменді құрал болмақ.*

Үшінші, мәдениет және спорт бағытында 2 жоба іске асырылады.

**1. «Алаш қайраткерлері» композициясын және Жезқазған өңірінің шығармашылық тұлғаларына арналған «Руханият» аллеясын ашу.** Былтыр біз қаламызды көріктендіру, келбетін жаңарту мақсатында, Алаш даңғылының бойындағы үйлердің қабырғаларына мемлекеттілік, патриоттық тақырыбына бірнеше мураллдар салғызғанбыз. Осы тақырыптың жалғасы ретінде «Алаш қайраткерлері» композициясы, яғни қайраткерлердің мүсіндері Алаш алаңына орнатылатын болады. Сонымен қатар, «Наурыз» саябағында «Руханият» аллеясы ашылады.

2. **Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасына арналған отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен халықаралық конференция өткізу.** Жезқазған – Ұлытау өңірінің тарихи, мәдени құндылықтарын негізге алып, оның туристік әлеуетін ашу үшін, «Жошы хан» кешенін толыққанды пайдалану біздің басты міндетіміз. Сондықтан аталған конференцияның өз деңгейінде өтуі аса маңызды.

Қала әкімдігі өз жұмысында заман талабына сай, тұрақты ізденіс форматын таңдады. Тұрғындардың сұранысынан, көңілінен шығып отыру керек. Бұдан да басқа пысықталып жатқан идеялар бен жоспарлар баршылық.

Ағымдағы жылдың ақпан айының басында қаламызға облыс басшысы Жеңіс Қасымбек келіп, қаламыздағы проблемалы нысандарды аралап нақты тапсырма берді. Атап айтсақ, **Жезқазған қаласындағы 320 орындық балабақшаның, Гагарин көшесі, 70/2 бойынша 5 қабатты 28 пәтерлі тұрғын үйдің** жағдайы облыстық басқармалар тарапынан бақылауға алынып шешілуде.

Ал 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені бастапқы жоспар бойынша биыл аяқталуы тиіс еді. Бірақ мердігерлер арасындағы тартысқа байланысты 2020 – 2022 жылдары сот процедуралары жүргізіліп құрылыс тоқтатылды.

Бүгінгі күні сот рәсімдері аяқталуда. Құрылыс осы жылдың наурызынан бастап қалалық бюджет есебінен жандандырылады. Аяқталу мерзімі – 2023 жыл.

Сонымен қатар, қаланың кәріз жүйесінде елеулі проблемаларымыз бар.

Бірінші, **Кеңгір ауылының кәріз жүйесінің жағдайы.** Бұл да кезінде басталып, аяқталмай қалған жоба. Құрылыс басқармасы техникалық тексеру жүргізуде. Аяқталғаннан кейін, жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу үшін бюджеттен қаражат бөлу қажет. Іске асыру кезеңі – 2022 – 2023 жылдар.

Екінші, Қостанкелді және Бекболатсай шағын аудандарындағы 130-дан астам жеке тұрғын үйлердің септиктерінен шығатын ағындылар далаға жүйесіз кетіп жатыр. Осылайша топырақ пен су ресурстарын ластауда. Яғни **кәріз жүйесінің мәселесін** шешу керек. Мұнда жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді қолға алу қажет.

Аталған шағын аудандардың бүгінгі күні жылу беру жүйесінде ақаулар туындап тұрған учаскелер ЖСЖК кәсіпорнының қолдауымен реттеледі. Ал жалпы бұл мәселе аталған аудандарда 2022 – 2023 жылдары газдандыру жолымен түбегейлі шешіледі.

**Тұрғын үйлерді су басуына қатысты** – ескі жұмыс істемейтін, бірақ ішіне су барып тұрған желілерге (олар уақтылы демонтаждалмаған, сондай-ақ қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесінен толық ажыратылмаған) тексеру жүргізілетін болады. Осыдан кейін ескі жүйені қолданыстағы жүйеден жеке-жеке (локально) ажырату бойынша шаралар қабылданады, бұл үйлерді су басу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

**Қабанбай батыр (Геология кенті)** шағын ауданын сумен жабдықтау жайына келетін болсақ, биыл жаңа оңтүстік су құбыры іске қосылады, бұл қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Алайда, тұрғындар шағын ауданда еріген қар мен жер асты суларының жиналуы сумен жабдықтау жүйесінің қатып қалуына әкелуі мүмкін деп алаңдайды. Бұл бойынша құбырлары жердің қату деңгейін ескере отырып, жерге тереңдетілген кәріз, дренаж жүйесін салу мәселесі пысықталатын болады.

Бұл шағынаудандағы жұмыстың тағы бір бағыты **үйлерді кәріз жүйесіне қосу** болады. Бұл мәселені геологиялық кластерді дамыту аясында нысандары шағын ауданның маңында орналасатын «Kazakhmys Barlau» («Қазақмыс Барлау») компаниясымен талқылау жоспарлануда. «Қазақмыс Барлау» өз қажеттіліктері үшін кәріз жүйесін салуға ниетті.

Өткен жыл қаламыздың өмірінде ерекше айтулы оқиғалармен айшықталды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаламызға келуі, мәртебелі қонағымыздың елдік, тіпті халықаралық маңызы бар «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің ашылуы туған жеріміздің өркендеуіне жаңа серпін берді. Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген іс-шаралар қаламызда жылдар бойы шешілмеген мәселелерді реттеуге мүмкіндік берді.

Ұлы Абайдың ескерткіші Жезқазғанның төрінен орын алып, «Наурыз» саябағында «Абай тағлымы» аллеясының ашылуы қаламыздың рухани өмірін байытты. Қаламыздың тарихынан ойып орын алатын, Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің, алғашқы құрылысшыларымыздың құрметіне қойылған ескерткіш пен стела жаңартылды. Алғашқы рет Жастар сарайының жеке ғимараты ашылып, жастарымызға сыйға тартылды. Өскелең ұрпақ тәрбиесінде бұл шаралардың маңызы зор. Сонымен қатар бұл нысандар шаһарымыздың сәулеттік келбетін көркейтті.

Бұдан басқа да қаламыздың тыныс-тіршілігіне байланысты күнделікті көптеген жұмыстар атқарылуда. Сөзсіз, бұл бір адамның қолынан келмейтін шаруа. Бұған жерлестеріміздің, әрбір жезқазғандық азаматтың күнделікті адал еңбегінің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Сонымен қатар жанашыр белсенділеріміздің сын-ескертпелерінің де өзіндік орны бар. Сөзсіз, қаңтар айындағы оқиғалар біз үшін жаңа Қазақстанды құру жолындағы түбегейлі бетбұрыс болды.

Ізгілік пен бірлікті ұран етіп, туған қаламыздың өркендеп, көркеюіне куә болайық! Атқарар істеріміз тек бейбіт өмірдің жаршысы болып, жасампаздыққа бастасын!

## АЙМАҒЫМЫЗДЫҢ АЙТУЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

*«Ұлт ұясы» атанған Ұлытау не бір тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғалардың ұрпаққа – ұран, елге – үлгі болатын істеріне куә болған қасиетті жер ғой. Осы өңірді шарлаған жан сол оқиғалардың белгісіндей болатын талай жәдігерлерді көзбен көріп, не бір тағылымды әңгімелерді өз құлағымен тыңдар еді. Менің де бүгінгі айтпағым сол, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, үзілмей келе жатқан тарихи оқиғалар желісіндегі әңгіме. Оның кейіпкерлері – Бұзау болыс пен менің бабам Тұқы.*

# БҰЗАУ БОЛЫС және ТҰҚЫ

Ойлы оқырманға Бұзау болыстың кім екендігін тәптіштеп айтып жату артық шығар. Сондықтан, әңгімені әуелі Тұқыдан бастайын. Тұқының азан шақырып қойған есімі – Ақжол. Ол Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болған Сырымбет батырдың тікелей ұрпағы. Сол Тұқы Бұзау болыспен замандас және жақын дос болған деседі көнекөздерден қалған әңгімеде.

Жалпы, Бұзау болыс жайлы әңгімелер мен деректер Қоғыр құмында да көптеп кездеседі. Сол әңгіменің бірі былай деп сыр шертеді. 1886 жылдың жобасы болу керек. Бабамыз Тұқының дәурені асқақтап, дәулеті тасыған кезі екен. Бірде, кіші жүздің тама руының жігіттері түнделетіп келіп Тұқының үш жүздей жылқысын бөліп алып, ауылдан алыстап оңтүстікке қарай қуа бет алады. Жай кетпей жылқышы жігіттерді де өз аттарына шығыршық тәрізді айналдыра матап, байлап бірге әкетеді. Содан Шөген деген епті жігіт, байлауын шешіп, түн жарым кері қарай қашып құтылып, Тұқыға келіп болған жайды баяндайды. Сонымен он шақты адам шұғыл жиналып, барымташылардың соңынан суыт жүріп кетеді. Шудың сағасына енді ене берген барымташыларды қуып жетеді. Қарасы 20-30 шақты кісі бір топ болып шоғырлана қалады. Таманың Кенжеқара деген болысы Тұқыға қолындағы берденкесін тастауды өтінеді. Сол сәтте өз ағайынының біреуі, «Аға тастасаңшы! Алла атымен айтып тұр ғой», деп мылтықты қолынан суырып алады. Сол-ақ екен, қарсы тараптың бір жігіті шауып келіп, айбалтаны сілтеп өтеді. Бабамыз маңдайынан қан сорғалап құлайды. Екі топ ашық айқасқа кірісіп кетеді. Тұқының немере інісі Жылқыбай осы шайқас кезінде қаза табады. Көптің аты көп, бұл кісілерді тұтқынға алып, жылқымен бірге айдай отырып Қызылордаға келеді. Барымташы топ алдын ала арыздаңып, жолда бір адамымызды өлтірді деп жалған жала жауып, басшысы Тұқыны итжеккенге айдатуға шешім шығарады. Дес бергенде Қызылордада елдің шаруасымен жүрген Бұзау болыс, бағаналыдан тұтқындар айдап әкелінінті деген сыбысты естіген соң, іздеп келеді. Келе сала қайта-қайта ортаға түсіп сөзге араласады. Осы сәтте қызметке жаңадан келген өрімдей жас жігіт, «сіз бұл қылмыскерлерді сонша неге жақтайсыз» деп сұрайды. Сонда Бұзау, «Мен бұл елдің болысымын, елімнің азаматтарының дауына араласуға толық хақым бар» деп тұжырымды жауап қатқан екен. Және сол жиында «Мен айтар болсам, бұл кісілер малға зәркер жандар емес. Гәп тамаларда» деп даудың бетін бері қаратып, ақыры соңында өзінің білімділігі, ақылды, парасатты, даналығының арқасында істі ақтап шығады. Сонда айтқан Бұзаудың «мал иесі бұл болса, жан иесі мен едім» деген сөзіне алқа билер разы болып, «сыртыңнан естуші едік, шынында да жолбарыс екенсің» деген екен. Сонымен, Тұқы бабамыз жолда қаза болған інісі Жылқыбайға ердің құнын алып, жылқыны айдап аман-есен елге оралады.

Осы оқиғадан кейін елге келген соң Тұқы бабамыз үш жүзге аты мәлім Байнаның (руы Саламат) ұлан асыр асында бәйгеден бірінші болып келген торы арғымағын елдің алдында Бұзауға сыйға тартып, төс қағыстырып, қияметтік дос болған екен. Атамыз Өксүкбай ақсақал да Бұзау болыстың ұрпақтары Жәкен, Бәкия деген қариялармен достық қарым-қатынаста болған.

Бұзау Толысбайұлы 1860 жылы туған. Өте жас болса да ақсан зейінділігінің, сабырлы, парасаттылығының арқасында елі ардақтап болыс етіп тағайындаған. Ол кісі 18 және 21 жасында екі рет болыстыққа сайланған. Бұзау алғаш сайлауға түсер алдында әкесі Толысбай ағайын туысты жинап, ақылкеңес құрады. Жабай руынан Өтеұлы Сайдалы биді, Күржіұлы Өтжанды алдыртады. Сайдалы би еле беделді, өзі де өңді, келісті, келбетті шешен кісі болған. Сайдалы бидің қыстауы Ұлытау ауданының Алғабас ауылынан 25 шақырым жердегі «Қызыл үйде» медресе мен үйінің орны сақталған.

– Мына жиенің, бір үлкен іске талаптанып жатыр, не дейсіздер? – дейді Толысбай ел жиналған соң. Сайдалы би батасын береді. Бұл 1882 жылы болған оқиға екен. Жұрт тарауға бейімделгенде Толысбай:

– Бұзау балам, нағашыңның ат-көлігін дайында, – деп иек қағып ишара жасайды.

– Мақұл, – деп Бұзау сыртқа шығып кетеді де, кермеге бір ат әкеліп байлап:

– Дайынбыз, – деп хабар айтады. Жұрт далаға шыққанда кермеде тұрған Толысбайдың бәйге Торысын көреді.

– Оу, Бұзаужан-ау, бұл емес еді ғой, – деп қалыпты Толысбай баласына қабақ шытып. Сонда Сайдалы би:

– Оқасы жоқ, «ниет қабыл» деген. Мынау Толысбайдың бәйгеге шауып жүрген аты ғой, өзі-ақ мінсін. Бұзаужан ниетің қабыл, қадамың құтты болсын, әмин, – деп риза болыпты.

Нағашысының батасы қабыл болып, Бұзау ұзын-ырғасы 30 жылдан астам болыс болып, ел басқарады.

Бұзау билікке келгеннен соң халықтың қамы үшін зор еңбек сіңірді. Руаралық жанжал, барымта тағы да басқа шаруаларды бейбіт жағдайда ақылмен шешіп отырған. Жер дауы, жесір дауын әділ шешіп, Бағаналы, Кіші жүз Тама, Арғын, Қыпшақ руларының ара жігін ашпауға күш салған. Өзінің замандасы Бидаш болысты Орынбор түрмесінен босатып алып қайтқан. Әйелдер арасынан алғаш болыс сайланған ел «Би Бидаш» атанған Бидаш бәйбіше Бұзаудың кісілігіне риза болып өз қызы Бибіаршаны оған әйел үстіне берген. Бұзау болыстың үш әйелі болған. Бұзау болыс өзіне біткен мол дәулетті елдік, бірлік жолына жұмсаған. Көкшетау уезінің Атбасар болысында болыстыққа талас кезінде болған қақтығыс кезінде түрмеге түскен 5 адамды кепілдікке шығарып алғанда осы Бұзау болыс еді.

Бұзау болыс жыл сайын жазда Ұлытауды жайлап Шу бойын қыстайды екен. Қыс түсе болыстың адамдары қазіргі Шымкент облысының Шолаққорған, Созақ аудандарының жәрмеңкесіне барып, мал сатып, астық алып, сауда-саттықпен айналысып қайтатын болған. Осындай базар кезінде Қоңырат елінің жігіттері Бұзаудың сауда жасауға келген адамдарын соққыға жығып, малдарын және астындағы көліктерін алып, өздерін жаяу қоя береді. Олар қаладан шыға алмай, елге хабар бере алмай, сол жерде ұзақ жүреді.

Бұл хабар ел аузынан Бұзау болысқа да жетеді. Істің ақ-қарасын анықтау мақсатында Бұзау жанына өз адамдарын жинап, жолға шығады. Өз адамдарының хал-жағдайын көрген ол кек алуға бекінеді. Сол жердегі Найман руының жігіттерін жинап, бір күнде Қоңырат ауылын асты-үстіне шығарып, тартып алынған өз малдарын қайтарып алады. Олардың басшысын байлап әкетеді, еліне олжалы оралады. Арада он күндей уақыт өтіп, ел дүбірі басыла Қоңырат жігітін іздеп, 7 адам келіп, болыстан кешірім сұрайды, өз адамын босатуды өтінеді. «Ат-тон айыбымызды береміз. Шүкір, алдымызда айдаған малымыз бар. Жиған-терген жиһазымыз да жетерлік. Ендігі жерде екі елдің арасында мұндай бұзақылық болмайды», деп уәделерін беріп, жігіттерін босатып алыпты. Осы оқиғадан кейін екі ел арасында татулық орнап, онысы жылдар бойы жалғасын тапқан көрінеді. Бұзау болыстың батылдығына, тапқырлығына халқы риза болыпты.

Жоғарыда айтып өткенімдей, Бұзау Толысбайұлы 1882 жылдан бастап болыстыққа шығады. Осы жылы Сарысу болысында сайлау жүреді. Болыстыққа талас Бұзау мен Жауқашты Байдәулет баласы Қалманбайдың арасында өтеді. Бұл сайлау өте күрделі, шиеленісті жағдайда өтіп, Бұзау жеңіп шығып болыс болып сайланады. Келесі 1885 жылғы сайлауда болыстықты тағы да Бұзау жеңіп алады. Осы сайлаудан кейін екі жақ алдағы сайлауларда болыстыққа кезектесіп сайлануға, келісімге келеді. Сол себепті 1888 жылы болыс болып Қалманбай таласссыз сайланды. Ал, 1891 жылғы сайлауда Қалманбай болыстықты бергісі келмейді. Осы жанжалды басу үшін Атбасардан уездный начальник әдейілеп өзі келіп, дауды басып болысты Сарысу және Құмқоңыр етіп екіге бөлген екен. Содан Кеңес өкіметі әбден бекігенше Шағыр елі өз алдына бір болыс болып, оны қайтыс болғанша Бұзау басқарған. Кейін баласы Ыбырай, одан кейін Қаражігіт баласы Мұқыш басқарған.

Бұзау болысты ел арасында «Бедел қажы» деп атаған. Бедел қажы дегеніміз – өзі Меккеге қажылыққа бара алмай, орнына бара жатқан адамнан әдейілеп қаражат жіберіп отырған мұсылман баласын атаған. Болыс бір емес мұндай жайды жылда жасап, Меккеге баратындардың басын қосып, бұрын барғандармен жолықтырып жол жайын, қаражат жайын, не істеу керектігін ақылдастырып, өзі шығарып салып отырған. Меккеге барғандар Мұхаммед ғ.с мешітінің бас имамына жолығып, болыстың берген қаражатын өткізіп отырған. Ал мешіттің бас қақпасында Толысбай ұлы Бұзау үшін екі бас намаз оқылдар деп жазылған тақта тұрған. Екі бас намаз оқылмай мешітке кіруге тыйым салынған көрінеді.

Бұзау болыстың тағы бір тапқырлығы жайлы да ел аузында мынадай әңгіме бар. Бірде тарақты Тасыбай болыс Бұзауға, «сені Бұзау, Бұзау дегенге керемет екен десем,... біздің ауылда сендей бұзауды танауға бір ұрып шегенге байлай саламыз» деп қағытпақ болыпты. Сонда Бұзау «сені Тасыбай, Тасыбай деп жүрсем, сенің қаукарың бір атым насыбайдай-ақ екен ғой, деп сөзден сүріндіріпті.

Елге билігі жүрген Бұзау болыстың үрім-бұтағы бүгінде өркен жайып, өніп өсті. Арғы тегі Өтеп бай, өз әкесі Толысбайдың тектілігі дарыған Бұзау болыс өзінің саналы ғұмырын елінің бірлігіне, халқының тыныштығына арнады.

Айтпақшы, Жаңаарқа ауданының қазіргі «Қараағаш» ауылынан 25 шақырым жерде Бұзау болыс бұлағы бар екен. Болыстың шөберესі Жүсіп Ыбыраевтың айтуынша, Шоң бимен бітімге барғанда Бұзаудың тапқырлығына риза болған ел-жұрт әлгі бұлақты Бұзау болыстың еншісіне атаған деседі.

Бұзау Толысбайұлы Сарыкеңгір өзенінің бойында, Алаша хан мазарының маңында мәңгілікке дамылдап жатыр. Біз өмірден өтсе де соңында өшпес із қалған аймағымыздың айтулы тұлғасы жайлы айтылар әңгіме, жазылар дерек әлі көп. Соның бірі әлгінде ғана сөз еткен «Қараағаштағы» бұлақтың Бұзау болысқа еншіленуінің қыр-сыры. Мұны зерттеп, зерделеу уақыт талабы. Әрине ол келешектің еншісінде.

**Жасұлан Шоқанұлы ӨКСҮКБАЙТЕГІ**
**Ақжол (Тұқы) шөбересі.**

*Мибұлақ ауылы.*

# БІР ЖАҚСЫ ӨТТІ ӨМІРДЕН

Абзал жан ед халық қатты сыйлайтын,
Өлім түгіл, өкпеге де қимайтын.
Өзегелерден биік еді тұғыры,
Тұлға еді бір шеңберге сыймайтын.

Мұзаған ұлтымыздың ұланы еді,
Ақылы ағып тұрған бұлақ еді.
Адалдық пен әділдік тұмар еді,
Ар-намыс, сенім мықты құрал еді.

Арыстанды қаймықпай бүре-тұғын,
Ұлытаудың бір Мұзбалақ қыраны еді.
Қапылыста ажалдың оғы тиіп,
Сол Мұзбалақ қыран да құлады енді.

Алла жанын жарылқап Мұзағанның,
Жәннатта болсын мәңгі тұрағы енді.
Алла алдында болсын оның жүзі жарқын,
Мәңгілік ұмытпайды атын халқың.
Алдың жарық, қайырлы болсын артың.

**Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,**
**Ұлытау аданының Құрметті азаматы**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

## «ЖЫЛУ және СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ КӘСІПОРНЫ» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

# НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Жезқазған қ. Холмецкий, 20 мекенжайында орналасқан «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ, қызметтердің түрлері бойынша, ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 6-т. 25-бабына келісімді, тұтынушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың алдында табиғи монополиялар тұлғаларының қызметтерінің тиімді көрсеткіштерінің жетістіктері және реттелетін қызметтердің көрсеткіштерінің сапасын, сенімділігін сақтау туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы 2021 ж. қорытындылары бойынша есеп берудің тыңдауын өткізетіні туралы тұтынушыларға хабардар етеді:

– жылу энергиясын беру және тарату қызметтері;

– жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер;

– тарату жүйелері бойынша су беру қызметтері;

– тарату жүйелері бойынша су беру қызметтері (техникалық – ауыз су емес суы);

– ағынды суларды бұру және тазалау бойынша қызметтер;

– Геология поселкесінде жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау бойынша қызметтер.

Тыңдаулар **2022 ж. 30 наурызда сағат 15.00-де Жезқазған қ., Холмецкий, 20** мекенжайында, қосымша Facebook әлеуметтік желісі арқылы ресми аккаунттан **(aoptvs_zhez)** онлайн тарату режимінде өтеді.

**ӘКІМШІЛІК**

## «АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» СООБЩАЕТ

# ВНИМАНИЕ!

«АО «Предприятие тепловодоснабжения», находящееся по адресу: г. Жезказган, улица Холмецкого, д. 20, информирует потребителей о проведении слушаний отчета по итогам 2021 г. об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами, согласно п. 6 ст. 25 Закона РК «О естественных монополиях», по видам услуг:

– услуги по передаче и распределению тепловой энергией;

– услуги по снабжению тепловой энергией;

– услуги подачи воды по распределительным сетям;

– услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода);

– услуги по отводу и очистке сточных вод;

– по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергии в поселке Геологический.

Слушания состоятся **30 марта 2022 года в 15.00 часов** по адресу: **г. Жезказган, ул. Холмецкого, 20**, дополнительно в режиме онлайн-трансляции, посредством социальной сети Facebook с официального аккаунта (**aoptvs_zhez**).

**АДМИНИСТРАЦИЯ**

## АЛ, КЕРЕК БОЛСА

# МОБИЛЬДІК АУДАРЫМДАР:




## *жеке тұлғалар 2025 жылдан бастап тексеріледі*

***Егер, жеке тұлғаға үш айда 100 адамнан ақша аударылса, онда мұндай қызмет кәсіпкерліктен табыс алу белгілеріне жатқызылады. Бұл жайында Қаржы министрлігі дайындаған жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операциялар қандай жағдайда кәсіптен түскен кіріс ретінде бағаланатыны сипатталған жоба айтылған.***

Аталмыш құжат «Жеке тұлғалардың банктік шоттарында жүргізілетін операциялардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан кіріс алу белгілері бар операцияларға жатқызу өлшемшарттары 1 (бір) жеке тұлғаның қатарынан күнтізбелік 3 (үш) ай ішінде 100 (жүз) және одан да көп әртүрлі тұлғалардан ағымдағы банктік шотқа ақша қаражатын алуы болып табылады», – делінген. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, жеке тұлғаға үш айда 100 адамнан ақша аударылса, онда мұндай қызмет кәсіпкерліктен табыс алу белгілеріне жатқызылады.

Қаржы министрлігі банктердің осындай операциялар туралы мәліметтерді ұсыну мерзімдерін де бекітуді жоспарлап отыр. Салық кодексінің шеңберінде 2025 жылға дейін екінші деңгейдегі банктер мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді жеке тұлғалардың мынадай санаттары бойынша кезең-кезеңімен береді:

1-кезең – 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметкерлер мен оларға теңестірілгендер және олардың жұбайлары (зайыптары) бойынша ақпарат беріледі.

2-кезең – 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бюджеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары (зайыптары), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары (зайыптары), бойынша ақпарат беріледі.

3-кезең – 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары және олардың жұбайлары (зайыптары), дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары) бойынша ақпарат беріледі.

4-кезең – 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап халықтың қалған барлық санаттары бойынша ақпарат беріледі.

Аталмыш құжат 2 наурызға дейін «Ашық НҚА» сайтына жарияланып, талқылауға шығарылмақ.

**Ізбасар ОЙБАС.**

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

***Жезқазған тарихи-археологиялық музейі Ұлытау-Жезқазған өңірінің дамуына және оның қалыптасуына үлес қосқан еңбек адамдарының өнегелі өмір жолдарын насихаттау мен еске алу мақсатында «Елінің елеулі азаматы: ұрпаққа үлгі» жобасын ұйымдастырды. Осыған орай музейдің көрме залында ауылшаруашылық саласының майталмандары – Смайыловтар әулетіне арналған «Смайыловтар династиясы» атты көрменің ашылуы өтті.***



Қасиетті Ұлытау өлкесінде ата кәсіпті нәсіп етіп, бар өмірін туған өлкеге арнаған әулеттер аз емес. Елге еңбегі сіңген, халқына қалтқысыз қызмет еткен, адамгершілігі мен парасаты мол әулеттердің бірі – Смайыловтар әулеті. Ағайынды 4 бауыр жастайынан ауыл шаруашылығымен айналысып, қиын-қыстау кезеңде ел экономикасына елеулі үлес қосқан белгілі шопандар болған.

Мұқан Смайылов (1886-1964 жж.) – ауыл шаруашылығы саласының майталманы, Социалистік Еңбек Ері, Арыстан Смайылов (1889-1972 жж.) – ауыл шаруашылығы саласының майталманы, Тиес Смайылов (1892-1977 жж.) – ауыл шаруашылығы саласының майталманы, Әлденов Мағзұм (1913-1988 жж.) – ауыл шаруашылығы саласының майталманы, Ұлы Отан соғысының ардагері.

Әулеттің үлкені – Мұқан Смайылов 1886 жылы Жезді ауданының «Қаракұм» ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Аймақтағы алғашқы озат шопандардың бірі. Ол өзінің бүкіл өмірін мал шаруашылығына, оның ішінде қой шаруашылығына арнады. Бұрынғы Жанкелді ауылында шопан, кейін Сталин (Қоскөл) атындағы колхозда аға шопан болып, колхоз экономикасын өркендетуге бүкіл тәжірибесін жұмсап, аянбай еңбек етті. Шопанның еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағасын алды. Оған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1949 жылдың 12 шілдедегі Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Іс-шараға қатысқан Жезқазған қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Данияр Арынғазин, М.Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің бас қор сақтаушысы Шолпан Әбдібекова, көрменің өтуіне мұрындық болып ұйымдастырған Бибіғайша Арыстанқызы, Сәрсенбек Тиесұлы, жұбайы Әмина апай, Бейсен Мағзұмұлы, бауыры Алтынхан Баймаханұлы сөз алып, өздерінің ізгі ниеттерін білдірді.

Сондай-ақ, жиналғандар назарына Смайыловтар әулетінің отбасылық қорының материалдарынан әзірленген деректі фильм ұсынылып, Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншілері әннен шашу шашты. Көрменің лентасын қию рәсімі Жезқазған қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Данияр Арынғазин, аталмыш музей директоры, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Раушан Қапарова мен көрменің құрметті қонағы Ақжібек апайға бұйырды.

Іс-шара соңында Саттығұл қажы Қадыр көрме кейіпкерлерінің рухтарына құран бағыштап, музей басшысы Раушан Қапарова Смайыловтар әулетіне естелік сыйлық табыс етті.

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

# СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНДЫ

***Мысты шаһар боксшыларының қай кезде де бәсі биік. Спорттық жолы даңққа толы аға буын өкілдерінің ізін жалғаған жастарымыз республикалық, халықаралық додаларда топ жарып келеді.***

Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен бокстан Азия Чемпионатында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан Дамир Байпақов пен Анита Адишеваның әрбір рейнгін жезқазғандықтар асыға күтеді. Жас былғары қолғап шеберлері Татарстанда өткен додада да ел қоржынына алтын салған еді.

Жас боксшыларымыз жайлы тағы бір жақсы жаңалықты естіп, көңіліміз марқайып қалды. Тек Жезқазғанның ғана емес, бүкіл еліміздің абыройын асқақтатып, атын әлемге танытқан спортшыларымыз Қазақстан Республикасының Спорт шебері атағына ие болды. Бүгінде Дамир мен Анита наурыз айында Иордания мемлекетінде өтетін додаға дайындық үстінде. Төккен тер ақталып, топжарған жастарға алдағы уақытта да жеңіс тілейміз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТАУ-КЕН БАРЫСЫ – 2022

***Тау-кен металлургиялық колледжінің ұйымдастыруымен алғаш рет студенттер арасында «Тау-кен барысы – 2022» атты қазақша күрестен турнир өтті. Жарысқа І, ІІ курс студенттері 50, 60 және +70 келі салмақ дәрежесінде қатысып, боз кілемде 30-ға жуық балуан бақ сынасты.***




Қазақтың ұлттық спорт түрлерін дамыту және бұқаралығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың спортқа деген ынтасын көтеру мақсатында өткен іс-шара өте тартысты өтіп, кіл мықтыдан, кім мықты анықталды.

Іс-шараның ашылу салтанатында аталмыш колледж директоры Лаура Нұрланова сөз сөйлеп, спортпен шұғылданудың маңыздылығына, ұлттық спорт түрлері мен олардың тарихына тоқталып қатысушыларға сәттілік тіледі.




Турнирдің нәтижесінде 50 келі салмақ дәрежесінде ЭМ-23-21 тобының студенті Досымжан Тілеубаевтің мерейі үстем болды. Екінші орынды ЭС-12-20 тобынан Ибрагим Пазылов, үшінші орынды ЭМ-23-21 тобынан Тілек Тілеуғабылов еншіледі. 60 келі салмақта ОПИ-15-20 тобының студенті Ернұр Алпыс қарсыласын шыдатпады. Екінші орын РПО-24-21 тобынан Расул Муканов, үшінші орын ОПИ-15-20 тобынан Мағжан Нұрлановқа бұйырды. Түйе палуандар табан тірескен +70 келіде ЭС-12-20 тобының студенті Азамат Елеукен жанкүйерлердің қошеметіне бөленіп, түйе балуан аталса, екінші орынға осы топтың студенті Бекзат Сапарғали ие болып, үшінші орындыда аталмыш топтан Елдос Оразбаев қанжығасына байлады.

Жүзден жүйрік танылған балуандар ұйымдастырушылар тарапынан медальдармен, грамоталармен марапатталды. Өскелең ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға шақырып, қазақтың спорттық өнерін дәріптейтін «Тау-кен барысы» турнирін өткізуді колледж ұжымы алдағы уақытта дәстүрге айналдырмақ.

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

## НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*(Жезқазған уақыты бойынша)*

| НАУРЫЗ | Апта күндері | Таң намазы | Күннің шығуы | Бесін намазы | Екінті намазы | Ақшам намазы | Құптан намазы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сейсенбі | 06:46 | 08:08 | 13:45 | 17:27 | 19:16 | 20:38 |
| 2 | Сәрсенбі | 06:44 | 08:06 | 13:44 | 17:28 | 19:18 | 20:40 |
| 3 | Бейсенбі | 06:42 | 08:04 | 13:44 | 17:30 | 19:19 | 20:41 |
| **4** | **Жұма** | **06:40** | **08:02** | **13:44** | **17:31** | **19:21** | **20:43** |
| 5 | Сенбі | 06:38 | 08:00 | 13:44 | 17:32 | 19:22 | 20:44 |
| 6 | Жексенбі | 06:36 | 07:58 | 13:43 | 17:34 | 19:24 | 20:46 |
| 7 | Дүйсенбі | 06:34 | 07:56 | 13:43 | 17:35 | 19:25 | 20:47 |
| 8 | Сейсенбі | 06:32 | 07:54 | 13:43 | 17:36 | 19:27 | 20:49 |
| 9 | Сәрсенбі | 06:30 | 07:52 | 13:43 | 17:37 | 19:28 | 20:50 |
| 10 | Бейсенбі | 06:28 | 07:50 | 13:43 | 17:39 | 19:30 | 20:52 |
| **11** | **Жұма** | **06:26** | **07:48** | **13:42** | **17:40** | **19:31** | **20:53** |
| 12 | Сенбі | 06:24 | 07:46 | 13:42 | 17:41 | 19:33 | 20:55 |
| 13 | Жексенбі | 06:22 | 07:44 | 13:42 | 17:42 | 19:34 | 20:56 |
| 14 | Дүйсенбі | 06:20 | 07:42 | 13:41 | 17:44 | 19:36 | 20:58 |
| 15 | Сейсенбі | 06:18 | 07:40 | 13:41 | 17:45 | 19:37 | 20:59 |
| 16 | Сәрсенбі | 06:16 | 07:38 | 13:41 | 17:46 | 19:39 | 21:01 |
| 17 | Бейсенбі | 06:14 | 07:36 | 13:41 | 17:47 | 19:40 | 21:02 |
| **18** | **Жұма** | **06:12** | **07:34** | **13:40** | **17:48** | **19:42** | **21:04** |
| 19 | Сенбі | 06:10 | 07:32 | 13:40 | 17:49 | 19:43 | 21:06 |
| 20 | Жексенбі | 06:07 | 07:30 | 13:40 | 17:51 | 19:44 | 21:07 |
| 21 | Дүйсенбі | 06:05 | 07:28 | 13:39 | 17:52 | 19:46 | 21:09 |
| 22 | Сейсенбі | 06:03 | 07:26 | 13:39 | 17:53 | 19:47 | 21:10 |
| 23 | Сәрсенбі | 06:01 | 07:24 | 13:39 | 17:54 | 19:49 | 21:12 |
| 24 | Бейсенбі | 05:59 | 07:22 | 13:39 | 17:55 | 19:50 | 21:14 |
| **25** | **Жұма** | **05:56** | **07:20** | **13:38** | **17:56** | **19:52** | **21:15** |
| 26 | Сенбі | 05:54 | 07:18 | 13:38 | 17:57 | 19:53 | 21:17 |
| 27 | Жексенбі | 05:52 | 07:16 | 13:38 | 17:58 | 19:55 | 21:18 |
| 28 | Дүйсенбі | 05:50 | 07:14 | 13:37 | 17:59 | 19:56 | 21:20 |
| 29 | Сейсенбі | 05:47 | 07:12 | 13:37 | 18:01 | 19:57 | 21:22 |
| 30 | Сәрсенбі | 05:45 | 07:09 | 13:37 | 18:02 | 19:59 | 21:23 |
| 31 | Бейсенбі | 05:43 | 07:07 | 13:36 | 18:03 | 20:00 | 21:25 |

***Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***

# «ДІН САЯСАТЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ»

***Қазақстан – зайырлы мемлекет. Мемлекет азаматтарды ар-ождан бостандығы мен қамтамасыз етіп қана қоймай, біздің қоғамға, дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлде бір қоғамдық, діни нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұрады.***

Бүгінгі күні елімізде діннің мәселелері тек қана діннің мәселелері болудан қалғаны рас. Себебі, оған сырт елдердің саясаты араласып кетті. Елдегі дін саласына қатысты мемлекеттік саясатты халық арасында насихаттау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың деструктивтік ағымдардың ықпалынан сақтандыру, олардан зардап шеккендерге көмек көрсету мемлекет мүддесі ғана емес, қоғамның да міндеті. Сол себепті біздің қоғамда туындап жатқан мәселені шешу үшін әр адам діни сауатына қоса саяси сауаты болуы қажет. Бұл дінді саяси мүдделері үшін пайдалануға тырысатын сыртқы мемлекеттердің лас ойындарының құрбаны болып кетуден сақтану үшін ауадай қажет. Сол себепті мемлекеттік құрылымдар мен Қазақстан қоғамы алдында этносаралық және конфессияаралық келісім негізінде зайырлы, толерантты қоғамды әрі қарай дамыту міндеті тұр. Осы мақсатта дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілген. Кешенді жоспарда көзделген мақсаттар мен міндеттер қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес орындалу тиіс. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттерді атап өтсек: мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету, азаматтардың діни сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жасауда құқықтарын сақтау, қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау, діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Елдегі мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың қазіргі жағдайына баға берген кезде Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бері діни бірлестіктердің жұмыстары үшін құқықтық, идеологиялық және қоғамдық жағдайдың жасалғанын айтуға толықтай негіз бар. Азаматтардың дін ұстану бостандығы құқы бұрынғы кездердегідей тек қана мәлімделіп қоймайды, сонымен қатар іс жүзінде жүзеге асуда.

**Жадыра ҚАНАПИЯ,**
**«Ғибраттан» ҚБ басшысы.**

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Watsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз**
**8(701)-118-88-08.**

***Қадірлі оқырман!***

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

***Құрметпен,* аймақтық «SARYARQA» газеті!**

**Whatsapp 8(701)-118-88-08**

**Газет уақытылы жеткізілмесе осы нөмірге хабарласуларыңызды сұраймыз 8 777 890 22 58**